

## ТЕСТПЕН ЕМТИХАН ТАПСЫРУ КӨҢІЛІҢНЕН ШЫҒА МА?

**Нүргүл Ихсанова:** Жоқ. Негізінде емтиханды билетпен тапсырған өте дұрыс деп ойлаймын. Өйткені әр студент болсын, оқушы болсын өз ойын билет сұрақтарына дұрыс, нақты, толымды етіп жауап береді. Мысалы, ҰБТ кезінде төмен, нашар оқитын оқушылар жоғары ұпай жинап кетті, ал егер ауызша билетпен болған жағдайда кімнің не билетінін, қай жерден ақсайтынын анықтауға болар еді. Тест тек уақыт үнемдеу үшін ойлап шығарылған нәрсе ме деп ойлап қалам?!  
**Зияда Жунусова:** «Бояушы бояйды дегенде, сақалын бояпты» демекші, үлкен ағаларымыз бен апаларымыз арасында тест мәселесі әлі күнге дейін даулы мәселелердің бірі болып отыр. Тест, әрине, көптеген кемшіліктерден құралған, сөйлеуге, ойлауға кедергі және материалды толық талдауға мүмкіндік бермейді. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер» деген мақал осы тест жүйесі үшін айтылғандай. Бірақ та қазіргі жастардың көп пайызы осы тест жүйесін жақтайды. Мен де оларға қосыламын, себебі сенің өмірің емтихан қабылдаушының емес, өз қолыңда екенін сезесің, өзіңе деген жауапкершілік туады. Тест уақытты үнемдейді, әділ бағаланады.

**Меруерт Закарья:** Қазіргі кезде білімді тексеру тест жүйесі арқылы өтеді. Ол орайда өз пікірді білдірер болсам, тест жүйесі қолайлы емес. Тест тапсыру кезінде тек қана нақты бір ережені немесе бір шығарманың авторының есімі, не болмаса кез келген бір автордың туған жылы ғана қамтылады, қосымша материалдар болмайды. Ал егер ауызша билетпен тапсырар болсақ, қаншама дүние айтуға болар еді, қазіргі заманмен байланыстыра отырып, әдебиетіміз, мәдениетіміз жөнінде көсілтіп айтар едік қой. Сонымен бірге сөйлеу мәдениетіміз де дамып, сөйлеу шеберлігіміз артар еді. Әсіресе, мені қынжылтатын нәрсе, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп 10 минут ішінде сынан сүрінбей өтіп жүргендердің саны азаймауы. Олар ертең өз мамандықтарын жете меңгерген маман бола ала ма? Қазақстанның болашағы жастар болса, өз еліміздің өркендеуіне шын білімді жастар болып үлес қоссақ екен.

**Майра Шайекенова:** Өз ойымды айтатын болсам, мен тестпен емтихан тапсыруды қолдаймын. Себебі тестпен емтихан тапсыру өте ыңғайлы. Себебі, біріншіден, уақыт үнемдейсің, бір мезгілде қаншама студент емтихан тапсырып шығады, сол арада өз бағасын біледі. Екіншіден, тестпен емтихан тапсырар кез-

де, небары үш сұрақ қамтылмайды ғой, кем дегенде 25-30 сұрақтай қамтылады. Ал билетпен тапсырар кезде бір автор, бір шығарма көлемінде жауап айтасың да кетесің. Ал тест сұрақтары әртүрлі тақырып бойынша болады. Студент өзінің жан-жақты білімін көрсете алады емес пе?! Сондықтан тестпен емтихан тапсыру менің көңілімнен шығады.

**Мөлдір Нагиммулина:** Бүгінгі заман талабына сай емтиханды тестпен тапсырып жүргеніміз біреуге ұнаса, екіншімізге ұнамайды. Ал жеке басыма келер болсам, маған емтиханды тест түрінде тапсыру мүлдем ұнамайды. Бұлайша емтихан тапсыру – «бақ шаба ма, бап шаба ма» деген сөзге дәлел. Мектеп қабырғасынан түлеп ұшқанымызда тапсыратын ҰБТ оқушының нағыз білім дәрежесін аңғарта алады деп ойлаймын. Алдын-ала шығарылған оқу-әдістемелік құралдар мен тест жинақтарындағы сұрақтарды жаттағанымызды жасыра алмаспыз. Ал сол жаттанды сұрақтар мен жауаптар тіптен есімізде де қалмады. 1050 сұрақты жаттап алғаннан гөрі, кітаптар мен оқулықтарды, мектеп қабырғасында өткен бағдарламаны бір қарап өткен пайдалырақ емес пе?

**ҚОЛЖАЗБАЛАР  
 АВТОРЛАРЫНА КЕРІ  
 ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ.  
 ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ  
 ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ.  
 ЖАРИЯЛАНЫМ  
 АВТОРЛАРДЫҢ ПІКІРЛЕРІ  
 РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН  
 БІЛДІРМЕЙДІ**

**МЕНШІК ИЕСІ:**  
 М.Өтемісов атындағы  
 Батыс Қазақстан  
 мемлекеттік  
 университеті.

Газет айына бір рет  
 шығады.

Газет Қазақстан Респуб-  
 ликасы Мәдениет, ақпарат  
 және қоғамдық келісім мини-  
 стрлігінде 09.08.2000 ж.  
 тіркеліп, тіркеу туралы  
 нөмірі 1435 - Г куәлігі беріл-  
 ген.

Индексі 090000  
 Таралымы 500

**РЕДАКТОР:**  
 ШЫНТЕМІРОВА  
 Гүлсая Каримоллақызы

**ТІЛШІЛЕР:**  
 СРАЛИЕВА Мейрамгүл,  
 БИЯШЕВА Гүлсезім.

**КОРРЕКТОР:**  
 БЕККУЖИЕВА С.А.  
 ОПРЯ О.В.

**БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:**  
 АБДУЛЛИНА Асель

**ФОТОСУРЕТШІ:**  
 ХАЛЕПОВ Рафхат

Сарайшық көшесі, 34, e-mail:  
 IC-SMI@wksu.kz, тел. 50-76-52

## СТУДЕНТТЕР

### шәкіртақыларын қайда жұмсайды екен?

**Зияда Жүнісова:** Шәкіртақы қолға түскенше асығып, күн санап жүрген күндердің өзі де бір қуаныш. Сол шәкіртақыны үзбей алып тұру студент қауымының арманы мен тілегі.

Иә, дәл сол шәкіртақыны жұмсау ешкімді ешқашан қиналтқан емес. Өрбір студент шәкіртақыны алған сәтте өз мұқтажын қанағаттандыруға тырысады. «Шәкіртақы қолға тиген күн - аспаннан шұға жауған күн» деп бекер атамаса керек.

Мен шәкіртақымды өз еңбегіммен тапқан еңбекақым және ата-анам тигізген қандай да бір көмегім деп білемін. Шәкіртақы алу - мен үшін ата-анамның үмітін ақтау деген ұғым.

Мен шәкіртақымды көбіне өзіме қажет заттарға жұмсаймын, бауырларыма сыйлық жасаймын. Егер мүмкіндік болса, Қазақ драма театрына, КТК ойындарын тамашалауға барамын.

**Айнұр Жазықбай:** Студент болып атанғалы, өз еңбегімізбен келген кішкене айлық табысымызды, шәкіртақымызды аз да болса көп көріп тиімді пайдаланып, кәдеге жаратуға тырысамыз.

Шәкіртақы алған күн – студенттер қауымы үшін «ұлы күн». Студенттер арасында мәтелге айналған «шәкіртақы – аштық арашасы», «шәкіртақы кезегі – Мәскеу үшін шайқас» секілді ұғымдар көп.

Көбіне көп шәкіртақыны тамаққа, киімге, мейрам күндері құрбыларымызға сыйлық жасауға жұмсаймыз. Мен ең алғаш шәкіртақымна кітап сатып алып, бауырыма сыйға тарттым.

**Аяужан Кереева:** Мен алғаш шәкіртақымды қыркүйек айының аяғында, дәл анамның туған күні қарсаңында алғам, сөйтіп анама үлкен сыйлық жасап, қуанттым. Былайғы уақытта шәкіртақымды ұсақ-түйектерге жұмсаймын.

Болашақтағы бір айлық шәкіртақымды Қазақстан ұлттық телеарнасынан көрсетілетін «Аялы алақан» бағдарламасының шотына аударсам деген ой келіп жүр. Тағдыры төлкке ұшыраған балаларға жаным қатты ашиды.

**Назгүл Давлетова:** Шәкіртақы алған жақсы ғой. Әсіресе, үйдегілердің беріп жіберген азын-шоғын ақшасына қосып пайдаға асырамын. Әуелі 1000 теңгесін бөлмеге тамаққа жұмсаймын. 1000 теңге қарызға кетеді. 500 теңгесі уақ-түйекке, 500 теңгесі міндетті түрде құрбының туған күніне кетеді. 1500 теңгеге ауысса киім алам, мейрамдарда ауылға бірдеңе алып беріп жібересің, 500 теңге ұялы телефон бірлігіне кетеді. 400 теңгесін банкомат жеп қалады, сөйтіп қалған 500 теңгемен келесі шәкіртақыға жетесің.



*Халықтың келеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет.*  
 Шоқан Уәлиханов

## Қазақ халқының азаттық күресі және БӨКЕНБАЙ ҚАРАҰЛЫ

2010 жылдың 20-мамыр күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қазақ тарихында өзіндік орны бар біртуар азамат, XVIII ғасырда ел басына түскен қиын-қыстау кезеңде халқын азаттыққа бастап, қолбасшылық, саясаткерлік өнерімен ел алдына шыққан жау-жүрек батыр Бөкенбай Қараұлының өмірі мен қызметіне арналған «Қазақ халқының азаттық күресі және Бөкенбай Қараұлы» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияның мақсаты – қазақ тарихының күрделі кезеңі XVIII ғасырдың I жартысындағы халқымыздың өміріндегі сан қырлы тұстарын саралау болып табылады.

Аталмыш конференцияға Астана, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Қостанай қалаларының жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты. Пленарлық мәжілісте т.ғ.д., профессор Ә.Қ.Мұқтар «Бөкенбай батыр тарихындағы ұрпақтар сабақтастығы» тақырыбындағы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінен келген ф.ғ.д., профессор А.М.Мұсаев «Бөкенбай батырдың халық ауыз әдебиетіндегі орны» тақырыбындағы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтынан келген т.ғ.к., аға оқытушы Ә.И.Исенов «Бөкенбай батыр әулетіндегі тарихандар» атты баяндамалары тыңдалып, сондай-ақ Батыс Қазақстан гу-



манитарлық академиясының доценті, т.ғ.к. С.Б.Құрманалин, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға оқытушысы Г.Қайырғалиева да өз жұмыстарын халық назарына ұсынды. Ғылыми кеште сонау XIX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыстағы батырлар рөлі, қазақ қоғамындағы батырлар, Бөкенбай батыр әулеті жайындағы тың деректерге куә болдық.

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жақында тағы бір мәрте халықаралық ғалымдардың басын қосты. Университеттің экономика және басқару институты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауына арналған «Дағдарыстан кейінгі ТМД елдері экономикасы: негізгі тенденциялары және экономикалық өсуінің жағдайлары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді.**

## ҒАЛЫМДАР ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖАҰЫНДА ОҰ БӨЛІСТІ

Жиынға Астана қаласынан Қазақ экономикалық, қаржы және халықаралық сауда университетінің «Есеп және қаржы» факультетінің деканы, т.ғ.к. – Мендалиева Сауле Ильинична, БҚО бойынша «ҚР Ұлттық банкі» филиалы директорының орынбасары – Сатыбалдина Ғалия Камшатқызы, БҚО бойынша қаржы бақылау басқармасының бастығы – Тұрсынов Серік Есмақұлы, сондай-ақ университеттің ғалым-оқытушы қауымы мен студент жастар қатысқан болатын.

Конференция қатысушыларына білім беру және әдістемелік бағдарламаларының презентациясы мен экономикалық және бизнес әдебиеттерінің көрмесі де ұйымдастырылды.

Конференция «Экономикадағы тұрақты дамудың теоретикалық-

әдістемелік негіздері», «Экономикадағы тұрақты дамудың инновациялық-технологиялық факторы», «Ұлттық экономика жүйесінде аймақтық интеграциялаудың құқықтық-институционалдық аспектілері» бағыттарында жұмыстанды. Жұмыс барысында ғалымдар жанандық қаржы мәселесі, экономикалық дағдарыс, сыртқы және ішкі экономикалық қызметті реттеу тәжірибесі, оны жетілдіру жолдарын қарастырып, сонымен бірге экономика саласын дамытуда Қазақстанның

халықаралық ұйымдармен байланысы, банктік операциялар, онжылдықтың жол картасы турасындағы мәселелерді саралады.

Экономикада халықаралық, халық шаруашылығы, салааралық, өр саланың өз ішінде, өндірісаралық және аймақтық жүйелер арасында белгілі бір тепе-теңдік пен тығыз байланыс бар. Бұлардың барлығы халық шаруашылығының жоспарлы түрде дамуына және жоспардың жасалуына алып келетін алғышарттардың бірі болып табылады. Осындай алғышарттарды жоспарлы түрде бағдарлай білген ғалым-оқытушы қауымы экономиканың өсу қарқынын, тұрақтылығын, қоғамдық еңбек бөлінісі мен өнімділіктері жайында келелі мәселелермен ой бөлісті.



«Спорт – денсаулық кепілі» демекші, университетімізде «Ақжайық» спорт клубы бүгінгі күнге дейін бірнеше дүркін жарыстар өткізіп келеді.

# ДЕНСАУЛЫҚ - өмір кепілі

Дені сау ұрпақ - ұлт болашағы екені белгілі. Еліміз «Қазақстан-2030» бағдарламасы бойынша барысқа айналу жолында болашағы бұлыңғыр жас емес, тепсе темір үзетін жастар керек екені айдан анық.

«Ақжайық» спорт клубы 2002 жылы 1-желтоқсанда ректор Т.З.Рысбеков келісімен университет жанында ашылған еді. Спорт сарайында облыстық, республикалық, халықаралық жарыстар ұйымдастырылып келеді. Сонымен қоса, студенттердің әр түрлі қабілеттеріне орай, секциялар да үздіксіз жұмыс жасауда.

Университетіміздегі секцияларды алып қарасақ, футбол (жетекшісі Антонов Н., Балықов Б.), волейбол ұлдар мен қыздар арасында (жетекшісі Бекжанов Н.), баскетбол (жетекшісі Свинцова Т.), бокс жетекшісі (Кубашев Т.), дзюдо (жетекшісі Бекбаев С., Төлегенов Б., Исмағұлов Қ., Бисалиев С.), қазақ күресі (жетекшісі Хасанғалиев Т.), армрестлинг және гир тасын көтеруден (жетекшісі Шандозтегі А.), жеңіл атлетика (жетекшісі Усачев С.), шейпинг (жетекшісі Клименко Т.) секілді ойын түрлерін қамтиды. Биылғы оқу жылында студенттер 64 рет жарыс өткізіп, жарысқа қатысқан. Сенбі-жексенбі күндері шахматтан іріктеу жарысы, дойбы мен волейболдан жарыстар өтіп тұрады. Сонымен қоса бір айта кетерлік жайт, «Ақжайық» спорт клубында бес спорт қайраткері, алты спорт шебері және екі еңбек сіңірген жаттықтырушы бар.

«Ақжайық» спорт клубы төрағасы болып ҚР еңбек сіңірген спортшысы, алты рет халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жиырма бестен астам «КСРО спорт шебері» және «ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағын алған Жардемов Жұбанышқали Садырұлы қызмет етеді.



«Елбасының «Қазақстандық азаматтар 30%-ға дейін бұқаралық спортқа тартылуы тиіс» деген жоспарын алға мақсат етіп келеміз. Біз «Дене тәрбиесі және спорт пәндері» кафедрасымын тығыз байланыс жасаймыз. Университетте 60-тан астам спорттық жарыстар, соның ішінде дәстүрлі студенттер спартакиадасы, спорттың тоғыз түрінен және университет оқытушылары мен қызметкерлеріне арналған «Денсаулық» спартакиадасы спорттың төрт түрінен өткізіліп тұрады. Дәстүрлі «Денсаулық» спартакиадасы биыл 53-ші рет өткен болатын. Әр жарыста дәрігерлер келіп, студенттердің денсаулығын қадағалап тұрады. Ал студенттерге келетін болсақ, студенттердің көбі спортқа енжар қарайды», - дейді Ж.С. Жардемов.

Шаралар мейрамдарға байланысты да, былайғы уақыттарда да өтіп тұрады. Алып қарасақ, кешегі күні Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойына орай оқытушылар мен қызметкерлер арасында 3-5 мамыр күндері Ректор кубогіне арналған волейбол жарысы өтті. Аталған шараға 8 командадан 82 спортшы қатысты. Жарысты тамашалауға соғыс ардагерлері Сарсенғалиев Ғұмар Жұмабекұлы, Букаткин Павел Романович, Турашев Қарасай Тұрмақұлы, Сүйіншалиев Қалам Жұмашұлы келіп, ризашылықтарын білдірген болатын. Жарыс қорытындысы бойынша: I орынды Мәдениет және

өнер институты (жауапты ДТ каф. аға оқытушысы А.Т.Шандозтегі), II орынды Экономика және басқару институты (жауапты ДТ каф. оқытушысы Т.А.Базартаев), III орынды Педагогикалық факультет (жауапты ДТ каф. аға оқытушысы А.Х.Жұмағалиев) иеленсе, үздік ойыншылар қатарына Мұхамбетова Жанар (Мәдениет және өнер институты), Баудиярова Эльянора (Экономика және басқару институты), Молдағалиев Байжан (Педагогикалық факультеті) енген болатын. Жабылу салтанатында жеңімпаз команда Ректор кубогімен және бірінші дәрежелі дипломмен, ал жүлдегер командалар дипломмен, бағалы сыйлықтармен мара-



патталды.

Студенттерге арнап іс-шаралар үздіксіз өткізіліп-ақ келеді. Ең бастысы студенттердің белсенді қатысуы екені белгілі. Деніміз сау, сымбатымыз келісті болуы үшін спорт саласына белсенді қатысайық.

**Жардемов Жұбанышқали Садырұлы** 1952 жылы Орда топырағында дүниеге келген. 1960 жылы Чапаев ауданы, 1-мамырда мектеп-интернатының табалдырығын аттап, 1970 жылы Орда ауылындағы М. Горький атындағы орыс-қазақ орта мектебін бітіреді.

1970-72 жылдары Кеңес әскерінің қатарында болған. 1973 жылы Орал жөндеу зауытында токарлық жұмыс істеп жүріп, Орал мемлекеттік педагогикалық институтының дене шынықтыру факультетіне түседі. Институтта оқып жүрген кезінде самбо күресінен КСРО спорт шебері Қамеш Исмағұловтың жетекшілігімен 1 жыл ішінде бүкілодақтық «Буревестник» студенттер қоғамының және Қазақ ССР-нің құрама командасының мүшесі болды. 1975 жылы Витебск қаласында өткен бүкілодақтық «Буревестник» студенттер қоғамы жарысының чемпионы болып, «КСРО спорт шебері» атағын қорғады. 1977 жылы Липецк қаласында өткен бүкілодақтық «Буревестник» жарысының чемпионы атанды. ЖОО 1977 жылы бітіріп, институтта оқытушы қызметіне қалдырылады. 1977-84 жылдары Орал облысы бойынша самбо күресінен аға жаттықтырушы қызметін атқарды. 2002 жылынан бері университет жанындағы «Ақжайық» спорт клубының төрағасы қызметін абыройлы атқарып келеді.



Г.БИЯШЕВА.

## айлық фестивалінің жеңімпаздары анықталды

**3 орын – Туребаев Арген** - сәндік-қолданбалы өнер бөлімінің 1 курс студенті.

### ХОРЕОГРАФИЯ: (Жеке)

**1 орын – Жаратылыстану бөлімі.**

**2 орын – Филология бөлімі.**

**3 орын – Педагогика және психология бөлімі.**

### ХОРЕОГРАФИЯ: (Топтық)

**1 орын – Педагогика және психология бөлімі.**

**2 орын – Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімі.**

**3 орын – Жаратылыстану бөлімі.**

### АСПАПТА ОРЫНДАУ ШЕБЕРЛІГІ: (Жеке)

**3 орын – Онгаров Эльдар** - сәндік-қолданбалы өнер бөлімінің 1 курс студенті.

### АСПАПТА ОРЫНДАУ ШЕБЕРЛІГІ: (Топтық)

**2 орын – Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімі.**

**3 орын – БҚМУ колледжі.**

### ҮЗДІК ҚОЙЫЛЫМ:

**1 орын – Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімі.**

**2 орын – Жаратылыстану бөлімі.**

**3 орын – БҚМУ колледжі.**

### КӨРКЕМ СӨЗ ШЕБЕРЛІГІ: (проза)

**1 орын – Калиев Жазира** - жаратылыстану бөлімінің 2 курс студенті.

**2 орын – Сейтимов Олжас** - қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 1 курс студенті.

**3 орын – Адиев Дулат** - дене шынықтыру және БӨД бөлімінің 2 курс студенті.

### КӨРКЕМ СӨЗ ОҚУ ШЕБЕРЛІГІ: (поэзия)

**1 орын – Қайсағалиев Қайырбек** - жаратылыстану бөлімінің 3 курс студенті.

**2 орын – Абдрахманова Мақпал** - қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 1 курс студенті.

**3 орын – Досмурзина Айшагүл** - тарих бөлімінің 1 курс студенті.

### ЖАЗБА АҚЫНДАР МҮШАЙРАСЫ:

**1 орын – Мурсалова Жұмагүл** - қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 2 курс студенті.

**3 орын – Оспанғалиева Айгерім** - БҚМУ колледжінің 1 курс студенті.

### ҮЗДІК РЕЖИССЕР:

**1 орын – Жаратылыстану бөлімі.**

**2 орын – Филология бөлімі.**

**3 орын – Сәндік қолданбалы өнер бөлімі.**

### ЕҢ ҮЗДІК ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМ ЖЕТЕКШІСІ:

**1 орын – Педагогика және психология бөлімі.**

**2 орын – Жаратылыстану бөлімі.**

**3 орын – Филология бөлімі.**

**ЕҢ ҮЗДІК ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ СТУДЕНТТІК ДЕКАН: Ешимова Жанбота**-жаратылыстану бөлімінің 2 курс студенті

**ЕҢ ҮЗДІК БЕЗЕНДІРУШІ** - Тарих бөлімі

**БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТҚАНЫ ҮШІН** - Латанов Николай – математика және информатика бөлімінің 3 курс студенті.

Мейрамгүл СРАЛИЕВА.





# «Студенттік көктем – 2010»



Өмір әрбір адамға ғаламат зор баға жетпес сый – күш-жігерге толы жастықты, арман-үмітке, тілек пен білімге, күреске, ұмытылмасқа толы, үміт пен сенімге толы жастық дәуренді береді.

**Жалында ! Өрле! Шарықта!  
Қырандай көкте қалықта!  
Ерінбе! Ізден! Жалықпа!  
Самға да ұмтыл ғарышқа!**

Бір ай көлемінде болған байқау әр студенттің жүрегінде ерекше із қалдырды деген ойдамыз. Өйткені, бұл шараны ұйымдастырушылардың негізгі мақсаттарының бірі - студент жастардың мәдени, рухани дамуына, шығармашылық өсуіне жағдай жасап, жаңа талантты жастарды табу және оларға қолдау жасау. Университет бөлімдерінің талантты жастары байқауға белсене қатысып, өз бөлімдерінің намысын қорғауда алдарына жан салмады. «Студенттік көктем – 2010» фестивалінің жабылу салтанатында университетіміздің ең мықты, ең жүйрік, ең дарынды студенттері марапатталып, сахнада өнерлерін көрсетті. Бұл байқауда жеңімпаздарды анықтау қиынға соқты, өйткені барлығы да жоғары дайындықпен қатысып, қазылар алқасының көзайымына айналды. Фестиваль қорытындысы бойынша **Бас жүлдені – Қазақ тілі және әдебиеті бөлімі, I орынды – Жаратылыстану бөлімі, II орынды – БҚМУ колледжі, III орынды – Сәндік-қолданбалы өнер бөлімі** қанжығасына байлады.

Илияс Жансүгіров: «Жас мұраты, білім, тәлім – талабы...  
Өнер, оқу – жастықтың қару-жарағы», - деп дәл айтқан. Қазіргі студент жастарымыздың бойында білімге, өнерге деген құлшыныс болуы керек. Ал студенттік көктем секілді байқаулар жастардың шығармашылық өрлеуіне, қабілеттерінің артуына үлкен септігін тигізеді.

**«БҚМУ интеллект-2010» зияткерлік ойыны** (қазақ тілінде) – **Асылханова Елдана** - қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 3 курс студенті.

**«БҚМУ интеллект-2010» зияткерлік ойыны** (орыс тілінде) – **Тлепкалиева Айзада** - жаратылыстану бөлімінің 1 курс студенті.

**«БҚМУ интеллект-2010» зияткерлік ойыны** (ағылшын тілінде) – **Манасов Жансерік** - тарих бөлімінің 1 курс студенті.

**«БҚМУ ЖІГІТ СҰЛТАНЫ-2010» сайысы:**  
**«Шымыр жігіт-2010»** - **Төлегенов Алмаз** - заң бөлімінің 1 курс студенті.

**«Өнерпаз жігіт-2010»** - **Биялов Жасемір** - би және саз бөлімінің 2 курс студенті.

**«Білімді жігіт-2010»** - **Темірғалиев Нұржан** - тарих бөлімінің 1 курс студенті.

**ЕҢ ҮЗДІК ЖҮРГІЗУШІ:**  
**Жумиева Сандуғаш** - қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 3 курс студенті.

**Құсайынов Болатбек** - қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 3 курс студенті.

**ЭСТРАДАЛЫҚ ӨНДЕР: (патриоттық)**  
**1 орын** - **Юнусова Эльмира** - тарих бөлімінің 3 курс студенті.  
**2 орын** - **Оразғалиева Бұлбұл** - математика және информатика бөлімінің 1 курс студенті.  
**3 орын** – **Маликова Нұрлы** - қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 1 курс студенті.

**ЭСТРАДАЛЫҚ ӨНДЕР: (еркін)**  
**1 орын** – **Аманғалиев Ержан** - қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 1 курс студенті.  
**Тасқалиева Гүлсезім** - қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 2 курс студенті.  
**2 орын** – **Аябова Алина** - филология бөлімінің 1 курс студенті.

Ұлы Отан соғысы миллиондаған адамның өмірін алып кеткен, талай боздақты қыршынынан қиып, ананы жесір, баланы жетім еткен еді. Қанды шайқастарға толы күн мен түндер ешқашан ұмытылмақ емес. Ол мәңгі есімізде сақталмақ. Қан майданда қан көшкен батырларымыздың есімін жас ұрпақтың есінде мәңгі қалдыру - баршамыздың азаматтық борышымыз екені де ақиқат. Сұм соғыстың кесірінен еліне, туған жеріне оралмай, жат жердің топырағы бұйырған отандастарымыз да жетерлік. Ұлы Отан соғысы жылдары біздің университет қабырғасынан да оқытушы аспиранттардан құралған 30 адам және 150-ге жуық студенттер майданға аттанған болатын. Соғысқа аттанған адамдардың өз өмірін аямастан



## Ұлы Жеңіс Жасасын!

Отанның бостандығы үшін арпалысуға дайын екені соғыстың басынан-ақ көрінген. Олардың арасында соғыс техникалары мен құралдарын ұршықша иіріп, жете меңгерген жандар да өз өңімізден көптеп шыққаны мәлім. Жыл сайын Жеңіс күніне орай облысымызда әр түрлі шаралар өткізіліп отырады. Жеңістің

65 жылдығына арналған М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да «Ұлы Жеңістің жаңғырығы» атты мерекелік концерт болып өтті. Ардагерлерге құрмет көрсетіп, оларды ардақтау, жастар бойына адамгершілік, патриоттық сезімді ұялату мақсатында өтіп отырған бұл дәстүрлі шарға кештің құрметті қонағы ардагерлер-

мен бірге университет ұжымы қатынасты. Салтанатты жиында университет ректоры Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы құттықтау сөз сөйлеп, Ұлы Отан соғысының ардагерлерін «Қазақстан Республикасының ғылым саласына қосқан ерен еңбегі үшін», «Ы.Алтынсарин» төсбелгілерімен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен және алғыс хаттармен марапаттады. Сонымен бірге университет төсбелгісі, Құрмет грамоталары және алғыс хаттар табыс етілді. Кеш барысында соғыс жылдарындағы университет тарихы жайында фильм мен театрландырылған қойылым көрсетіліп, «Кестелі орамал», «Нам нужна одна Победа», «Если б не было войны», «Әлия мен Мәншүк», «Журавли», «Поклонимся великим годам», «День Победы» сынды өндер шырқалды.

## Ой саларлық кеш...

Жаратқанның бұйырмысымен 1965 жылы Ресейдің Қызыл алаңында бір ұшақ адам, яғни 70-тен астам қаза тапқанда жалғыз ғана адам аман қалған болса, ол Сәбит Досанов болатын. Мамыр айының 13-і күні Ж. Молдағалиев атындағы фи-

қалған екен. Кеште сыншы сын өнеріне қалай келгенін, өмірінен сыр шертерлік ойларын айтты. Бұл кешке БҚМУ студенттері мен мектеп оқушылары, яғни дарынды балаларға арналған №11 мектеп лицейі мен қазақ-түрік лицей оқушылары



лармония залында сыни жазушы, Оңтүстік Қазақстанның тумасы Сәбит Досановпен кездесу өткен болатын. Кештің қонағы болып белгілі ақын Ақшатап Бақтыгереева, жазушының жан жары Құралай және университетімізден Серікқали Шарабасов қатысты. Жазушының «Ұйық», «Тұйық», «Намыс найзағайы» «Қыран мен жылаң» секілді кітаптары оқырманның көңілінен орын алған болатын. Жазушының айтуынша, өмір жолында он шақты рет ажалдан аман

қатысып, шығармаларынан үзінді оқыды. Оқырмандардың тілегі қаламызды шығармасына қосу еді.

Халқымыз ақын, жазушыларға кенде де, кенже де емес. Алайда, сынап жазатын жазушы жандар аз болатын. Қай кезде болмасын «елім» деп соққан жүрегі бар жандарға, халқымыз «ерім» деп қарайтыны сөзсіз.

Болашақта осындай ағаларымыз көбейе берсін демекпіз.

Өз тілшіміз.

## Благодарность

*Многоуважаемый профессор Рысбеков П. З., я благодарю Вас за отличную подготовку к аккредитации университета и за удивительную атмосферу доброжелательности и теплого гостеприимства, созданную для всех членов экспертной комиссии. Я очень рад, что имел возможность посетить университет. Надеюсь на наше активное сотрудничество в будущем.*

*Прошу Вас передать мой сердечный привет и благодарность всем Вашим коллегам.*

*Искренне Ваш, профессор, д.ф.н Александр ФЕДОТОВ, председатель ВАК Болгарии, директор Центра восточных языков и культур при Софийском университете Св. Климента Охридского*





Талай таланттарды қанат қақтырып, өмірден өз жолдарын табуға жол салған киелі қара шаңырақ - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 2010 жылдың 25 мамыр күні IX Халықаралық шығармашыл жастар фестивалі аясында өткізілген байқаудың «Үздік әдеби» номинациясының иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы Хамза Есенжанов пен ақын Тайыр Жароковтың туғанына 100 жыл толуына арналған қалалық «Қос алыбы халқымын...» атты жыр мүшәйрасының Бас жүлде иегері, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиет бөлімінің 4 курс студенті, ерекше талантымен облыс, республика көлемінде танылып жүрген жас ақын Талғат Мықидың «Қылшыққұм» атты жыр жинағының тұсаукесер рәсімі өтті.

# Өлең Жыр өмір

Махамбеттей баһадүр батырлар мен дүлдүл ақын-жазушылар түлеп ұшқан киелі Орда топырағының перзенті Талғаттың «Қылшыққұм» атты жыр жинағы жарыққа шықты. Талғаттың талай белестерді бағындырып, үлкен жетістіктерге жетуі осындай киелі Орданың топырағынан нәр алғанынан десек артық айтпаған болар едік.

«Қылшыққұм» кітабының тұсаукесер рәсімінде ақынның жыр жинағына «Талғат туралы трактат немесе жаңа жинаққа пікір» жазған академик Қ.Жұмалиев атындағы әдеби бірлестік жетекшісі, ғалым-ұстаз Серікқали Ғабдешулы Шарабасов сөз алып, талант иесіне жылы лебізін білдірді. Кеш университет ректораты атынан Тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі проректор Түймеш Малбағарқызының сөзімен жалғасын тапты. Жыр жинақтың тұсаукесер рәсіміне келген шақырулы қонақтар қалалық «Жайық үні» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Мира Хамзақызы Шүйіншалиева, «Ақберен» ақындар мектебінің жетекшісі Талап Таймасұлы Қуаныш университет ректоратына алғысын айтып, жас талант иесіне апалық-ағалық тілектерін жолдады. Тұсаукесер рәсімінде жас ақынның «Ерлік – бабалар ұраны», «Алғашқы адымдар», «Қазақпын» және т.б. өлеңдері оқылды.

Жыр жинағы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің БАҚ және баспа орталығында 100 данамен сапалы әрі көркем дайындалып шыққан. Талғаттың «Қылшыққұм» атты кітабының жарыққа шығуына қолдау көрсеткен университет ректоры, «Парасат» орденінің иегері, тарих ғылымдарының докторы, академик Тұяқбай Зейітұлы: «Төрт жыл ішінде бәйге-дене бәйге қоймай, университет намысын ту қылып желбіретіп жүрген Талғатқа жыр жинағының жарыққа шығуына қолғабыс көрсеттімдегі бар мақсатым – ағалық қамқорлық, азаматтық парызымды өтеу. Өйткені, ол түбінде бір түгелдей халықтың баласына айналады», - деді өз сөзінде.

Расында ақын болу оңай емес. Ақынның бір сөзі халықтың ортасында жүрсе, бір сөзі қалтасында жүреді. Өзінің туындыларымен облыс, республика көлеміне танылып жүрген Талғат өз оқырмандарын тауып, халқының ардақты ұлына айналады деген сенімдеміз.

«Қазақ филологиясы» кафедрасының оқытушысы, Талғаттың кураторы Зейнолла

Жақсылықұлы Мүтиев жыр жинақ туралы өз пікірін айтып, шәкіртінің өлеңдерін талдап, «Қылшыққұм» жинағының бөлімдерімен таныстырып өтті. «Қылшыққұм» жинағы негізгі төрт бөлімнен тұрады: «Мен қазір мазалымын», «Самға! Самға жетім көңіл жетімек», «Қызғалдақ – қыздар», «Өлең үшін өлер ем». Әр бөлімде өз тақырыбына сай жас ақынның туындылары беттелген.

Жүрегің тербеген жырды қағазға төгіп, қарапайым ғана болмысымен шымыр да шынайы, терең мағыналы өлең жолдарын өрнектеген кештің басты кейіпкері Талғат Мықидың өзінің осы ақындық жолға қалай келгендігі және жинағы туралы қысқаша айтып өтіп, қандай қиын кез болса да, әр кез жанынан табылған Түймеш Малбағарқызына, өзінің осындай биік белестерден көрінуіне септігін тигізген ұстаздарына алғысын білдірді.

Кеш соңында Талғаттың ақындық өнердегі досы, университетіміздің 2009 жыл-



ғы түлегі Мұрадым Мирланов, жастар қоғамдық бірлестігінің Президенті Алмагүл Исмагулова жүреюжарды тілектерін білдіріп, гүл шоғын табыс етті.

Ұстаздардың ұстазы Меруерт Жолдықайырқызы киелі Орда топырағының перзенті, дарынды талант иесіне ақ батасын берді.

Жүрегімен жыр қашаған ақынның өлеңдері өмірлік өнеге беретін жыр шумақтарынан құралған. Ақын – өз заманының ар-ұжданы. Ол болашақ үшін өмір сүреді. Оның жан дүниесінен ақтарылып шыққан өлең жолдары - оқырман жүрегің серпілтіп, шымырлатып, кейде жыллатып, кейде қуанышқа, кейде қайғыға шомылдырған әсерлі дүние. Талғаттың ерекше дарындылығы туралы сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Оның жанын түсіну үшін өлең жолдарына үңілу керек. Жас ақынға «Алдыңнан ақ күн тусын, Өмірде жолың болсын», биік белестерді бағындыра бер демекпіз!

Үміт ЖӘҢҒИРОВА, студент.

«Қайда барсаңдар да жүрген орталарыңнан ру сұрасыңдар, ру сұраспай жатып үйленбөңдер», - деген үлкендердің сөзін бала көзімізде жиі еститінбіз. Есейе келе ру туралы айтып жататын үлкендерді көрмейтін секілдіміз.

## РУ СҰРАСУ БІЛЕМІЗ БЕ?

Ілкі замандардан бері қазақтар берісі ауыл-аймақ, арғысы мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көрші ауылдармен туыстық қатынас орнатуға талпынған. Ондайда «үйірі басқаны нұқта қосады, атасы басқаны неке қосады» деп неғұрлым алыс жерден қыз алысып, қыз берісуді жөн санаған. Оның өзіндегі мән тым тереңде жатыр. Ең әуелі, қазақ өз арасынан кем дегенде жеті ата араламаған, ру ішінен бір-бірінен қыз алысып, қыз берісуге тыйым салу қан тазалығы мен осы арқылы ақыл-есі, дені сау ұрпақ өрбіту қамынан туындаған салт қалыптастырған. Сондай-ақ «жер айырылса шым бітейді, ел айырылса қыз бітейді» сөзі арадағы кикілжіңдер түбінде қыз алысып, қыз берісу арқылы шешілгенін айтып отыр. Ал неге жеті атаға дейін қыз алыспайды десек, ең біріншіден, қан тазалығы үшін. Жеті атаға дейін қазаққа бауыр болып есептеледі. Егер қандас адамға үйленетін

болса, дүниеге келген сәби аурушаң, немесе дауна ауруына шалдығатынын медицинада дәлелдеген.

Қазақ қыздарының арасында шетел азаматтарына тұрмысқа шығып жатқандары бар. Оның ұшы қан тазалығында жатыр. Қазақтың қаны «таза» дейді екен.

Сонау, XV ғасырда Жәнібек ханға Өтебойдақ емші «Тұқым қуалайтын ауруды емдеу қиын. Алдын алудың ең бірінші жолы жеті атаға дейін қыз алыспау» деген.

Ал қазір жастарымыз еліктегіш деп те айтылып жүр. Еуропаның мәдениетіне, киім киісіне еліктегені дамып келе жатырғанымыздың бір көрінісі шығар мүмкін. Ең бастысы сана-сезімімізге сай салт-дәстүрімізді сақтап, дәстүрлі құндылықтарымызды жоғалтпай, тек үйленерде не үй боларда емес, жүрген ортамыздан ру сұрасайық, достар!

Гүлсезім БИЯШЕВА.

Қазір қайда барсаң да қолыңдағы кішкентай ғана қорапшаға үңіліп жүрген бір адамды кездестіресің. Мейлі көшеде жүрсе де, мейлі қоғамдық көлікте жүрсе де қасынан бір елі қалмайтын - «ұялы» телефон. Қазіргі таңда еңбектеген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін ұстайтын сымсыз телефон сенімді серікке айналған. «Мен телефонсыз бір күнімді елестете алмаймын» дейтін жандарға қарап тұрып, көзіндегі әке-шешелері телефон ұстап тұрды ма екен деп таңқаласың. Алайда, қазіргі ақпарат заманында сымсыз телефонды пайдаланса жеңілдік секілді. Ең бірінші, жақындарыңнан байланысыңды үзбейсің немесе балалары сабақтағы ата-аналар ұл-қызының аман-есен екенін біліп отырады, сонымен қоса уақытты үнемдейсің. Сол «кішкене ғана қорапша секілді» ұялы телефонның тарихы 1875 жылдың 2 маусымынан басталған. Бостон университетінің Шешендік өнер мектебінің профессоры Грехем Белл ең алғаш рет байланыстырушы сымдардың көмегімен өз көмекшісінің даусын естиді. Өнертапқыш шотландтық бұл жаңалығы тарих бетінде «телефон» деген атпен қалды. Бір қызығы, өнертапқыштың есімі ағылшын тілінен аударғанда, «қоңырау» деген мағына береді. Арада бір ғасырға жуық уақыт өткенде ең алғашқы ұялы телефондар пайда болды. Иллинойс технологиялық институтының түлегі Мартин Купердің өнертапқыштық бұл жаңалығын қазір әлем халқының жартысына жуығы күнделікті қолданып отыр. 15 миллион 300 мың халқы бар Қазақстанның шамамен 5 миллион 600 мың тұрғыны ұялы байланыс құралын тұтынушылар санатына кіреді.

## Ұялы телефонды пайдаланған кезде қаперде жүрер қағидалар



АҚШ-та ұялы телефонды құнарландырудың жаңа әдісі ойлап табылды. Ол үшін енді велосипед тебу кезінде өндірілген энергия пайдаланылмақ.

Ұялы телефонмен жасалған алғашқы нағыз байланыстың тарихы 1973 жылдың 3 сәуірінен басталады. Ұялы байланыс компаниясының қызметкері Мартин Купердің зерттеулер бөлімінің басшысы Белл Лабқа Нью-Йорк көшелерінде серуендеп жүріп соққан қоңырауы ұялы телефонмен алғашқы байланыс орнату саналады. Купердің өзі таратқыштан сигнал жіберу хаттамасының негізгі құрастырушысы еді. Ал ол қолданған телефон Ұялы байланыстың адам денсаулығына әсерін зерттеуші ғалымдар байланыс орнатудың алғашқы 3-4 секундында сөйлеспей қоя тұруға кеңес береді. Себебі, бұл сәтте электромагниттік толқындардың әсері өте көп болады екен. Телефонның салмағы, яғни ең алғашқы ұялы телефон 1,15 килограмм тартатын. Ұялы телефондардан шығатын жиіліктер аса қауіпті саналмайды, бірақ телефондарды бас, ми, жүрек тәрізді үздіксіз жұмыс жасайтын ағзалар маңында ұстамау керек.

«Саусақ сияр жері жоқ» деп айтып кеткендей, кішкентай ғана сымсыз телефонның қазіргі кездегі атқарар шаруалары көп-ақ. Алайда, техникалық құралдардың бірі болғандықтан, адам ағзасына зиянды әсерін тигізетіні анық.

**Сол сөзбені мынадай ұсыныстарды қабылдаған жөн:**

- Ұялы телефонмен сөйлескен кезде балалардан алыс жерде болу керек.

- Аяғы жүкті әйелдер ұялы телефон қолданбауы керек, не үйде ұялы телефон жабық ұсталуы қажет.

- Әсіресе нерв жүйелеріне әсер ететіндіктен, балалардың ұялы телефон қолдану жастары кешіктірілуі керек. /18 жастан бұрын қолдану ұсынылмайды./

- Ұялы телефонның мидан алыс болуы қамдалуы керек.

- Ұялы телефон арқылы қысқа сөйлесу әдетке айналу керек, қысқаша мағлұмат берілетін кезде SMS қолданылуы керек, ұзын мерзімді сөйлесуді насихаттайтын компанияларға кедергі жасалуы қажет.

- Ұялы телефондар ең көп радиация тарататын кез – телефон шырылдаған кез және сіз терген нөмірге байланыс құрған кезі. Сол кездерде телефонды басыңыздан алыс ұстауыңыз керек.

- Қарапайым телефон, яғни кабельді телефон болса сонымен сөйлесу керек, осындай телефон болған кезде ұялы телефон жабық тасталуы керек.

- Топтық тасымал көліктерінде электрондық хабарласу жүйелері болымсыз әсер етеді. Сондықтан, жол апатынан аулақ болу үшін көліктерде ұялы телефон жабық ұсталуы қажет екен.

Міне, аз уақытта қыруар жұмыс атқаратын, ақшаны бірлікпен қоймайтын, мобильді агенттің салдарынан түнгі 2-3-ке дейін ұйқы бермей тұрып, таңмен ерте оятатын (будильник), ескертсең кездесу мен туған күндерді жатқа айтып ұмыттырмайтын (напоминание, заметка), ең бастысы алыспен де, жуықпен де қатынасты үзбейтін ұялы телефонды пайдаланғанда бас, ми, жүрек тәрізді үздіксіз жұмыс жасайтын ағзалар маңында ұстамау керектігін есте ұстаған дұрыс.

Гүлсезім БИЯШЕВА. (Ғаламтордан алынды)

## ТЕМЕКІ ТАРТУШЫ өзін де, өзгені де УЛАП ЖҮР

Мұны жасөспірім баладан ата сақалы аузына түскен қарияға дейін «беске» біледі. Сөйте тұра бірі соған құмартса, екіншісі тыйым салмайды. Өкпем өзіме керек-ау деп бір сәт ойланбайды. Қазіргі қоғамда жасы да, жасамысы да қатар отырып арақ ішіп, бастары біріксе бұрқыратып темекі тартады. Қоғам түгілі темекі түтінімен уланған деп, көпке топырақ шашу қиянат. Көбіне бұл жиіленісті әдетке жастардың теріс жолға түскендері үйір келеді. Осыған тосқауыл қойып, жол бермеу үшін, мүмкін темірдей тәртіп пен төзімділікті талап ететін заң керек шығар. Онда «Темекі тартуға тыйым салынады» деген жазу болса, шылымқұмарлар қатары сирексір еді.

Бір таңқаларлығы көгілдір экранда, газет-журнал беттерінде темекілерді жарнамамай келіп, «Шылым шегу сіздің денсаулығыңызға зиянды» деп «ескертіп» қояды. Бұған да шүкір. Өйтпейірт тартқан адам ең болмағанда бір тал темекінің құрамында қандай химиялық заттардың бар екенін білмесе де, шылым шегудің денсаулыққа жақсылық әкелмейтінін іштей болса да ұғынады ғой.

Кейбіреулер тамаққа тойып алып, те-



мекі тартсаң тамақтың тез сіңуіне көмектеседі десе, енді бірі оның түтінін аузына толтырып алып ыстасаң тістің ауырғанын қойдырады дейді. Бәз біреулер «шылымқорларды жылан шақпайды» деп сөуегейлік танытады. Егер ол тамақты сіңдіріп, тісті қойдырып, жыланға шақтырмаса, өкпе неге жүрісінен жаңылып сырылдайды?!

Сол пайдасының зияны көп темекінің қорабының сыртқы бетінде көзге көрінер-көрінбес кішкентай әріптермен «Кәметтік жасқа толмағандарға сатуға тыйым салынады» деген жазу бар. Алайда көшеде ойнап жүрген бес жасар балаға ақша ұстатып жіберсең, қалаған темекіңді әкеліп береді. Егер жасы жетпегендерге сатылмаса, мүмкін мектеп оқушылары дүкендерден «қымбат дүниелерін» ала алмай, түрлі тосқауылдарға тап болса, шылымқұмарлық саны азаяр ма еді?! Бірақ олай болмай тұрғаны өкінішті-ақ. Қысқаша тұжырымдама: сақтық пен қорғаныс сәл бәсеңдесе-ақ қауіп пен қатер бой көтере бастайтынын ұмытпағанымыз абзал.

Ақбөбек ГУБАЙДУЛЛАЕВА, 02103-топ студенті.





п Денсаулық

## Дәрумен - Жанның дауасы

Күз бен қыс айлары - денсаулыққа ерекше көңіл бөлуді қажет ететін уақыт. Бұл кезде үнемі дәрумендерді қабылдап отырған жөн. Біздер ағзамыз үшін күн сайын қанша дәрумендер қажет екенін біле де бермейміз. Жеміс-жидектерді кептіріп, олардан мол қор жинауға күз айында мүмкіндік көп. Салқын тиген кездерде үй дәріханасының пайдасы аз емес. Кептірілген жемістерді қайнатып, оның сөлімен емделу әсте қиынға соқпайды. Жеміс шырыны да пайдалы екені белгілі.

Ананас шырыны — 16 микроэлементтен тұрады екен. Пайдасы: организмді жасартып, артық май қорларын қалыпқа келтіреді. Буын қабырғаларын холестериннен тазалап, белоктың қалыпқа түсуіне мүмкіндік береді.

Өрік (абрикос) шырыны — калий, фолий қышқылына, каротин, B5, магний мен фосфорға бай. Пайдасы: қан құрамын жақсартып, клетка құрылымын қалыпқа



келтіреді. Мидың жұмысын жақсартып, артық суларды шығарады. Бірақ қант диабетімен ауырғандарға ішуге болмайды.


Сәбіз шырыны - каротинге B, C, D, E, K дәрумендеріне бай. Пайдасы: жүйке жұмысын жақсартады, иммунитетті күшейтіп,

көздің көруін жақсартып, тез қартаюдан сақтайды. Бірақ өте көп қабылдаған жағдайда адамның терісі сарғайып кетуі мүмкін.

Бақбақ сөлі — нағыз өмір эликсирі. Пайдасы: зат алмасуды күшейтеді. Женьшенен кейінгі бірден-бір пайдалы өсімдік.

## Таңғы асты тастамаңыз

Кейбіріміз жұмысқа асығып таңғы асымызды ішпей кетеміз. Енді біріміз семіріп кетеміз деп әдейі жемейміз. Ал кей адамдардың таңертеңгі асқа тәбеті де болмайды. Осы секілді себептермен таңғы асты назардан тыс қалдырамыз. Алайда мамандардың пікірінше, таңғы ас біздің организмге пайдалы. Сондықтан, оған жүрдім-бардым қарауға болмайды.



Таңертеңгі асын тастамайтын адамдардың стресске қарсы тұру қабілеті жоғары болады деп есептейді дәрігерлер. Бұған қоса таңғы ас мидың жақсы ден қоюына және ақпаратты есте сақтауына қажет. Дәмді әрі пайдалы ас адамның еңбекке деген қабілеттілігін 30 пайызға арттырады. Сондықтан жұмыс күніңіз ауыр болатын болса, үйден жақсылап тамақтанып шығыңыз.

Ал артық салмақ жинаудан қорқатын адамдарға айтарымыз: таңғы асты ішпеу салмақты түсірмейді, керісінше оның артуына ықпал етеді. Бұған қоса, таңғы қуат көзінен айырылған организм өзін-өзі сақтау инстинктін іске қосып, түскі ас кезінде калорияны 2есе артық жинайды. Оның үстіне түскі мезгілде қарын қатты ашып шамадан артық тамақтануыңыз ғажап емес. Алайда, көбіміздің тәбетіміз бола бермейді. Мамандар пікірінше, бұның себебі - кешкі астың тым ауыр болуында. Өзіңізді таңғы ас ішуге дағдыландырудың тағы бір әдісі – таңғы жаттығулар жасау. Әрине оған уақыт қажет. Бірақ бұл адам сымбаты мен денсаулығына пайдасы мол. Егер уақытыңыз тығыз болса, таңғы асты өзіңізбен бірге жұмысқа алып барыңыз. Жұмысқа жеткенше қарныңыз ашып үлгереді.

Таңғы ас барынша мол пайда әкелу үшін тағам өнімдерін мұқият таңдау қажет. Сусындардан жидек шырыны, минералды су, бір кесе қантсыз шай немесе кофе қолайлы. Сусын организмді оятуға әрі ас қорыту үдерісін бастауға көмектеседі.

Диетологтардың пікірінше, ең тамаша таңғы ас – ботқа. Кез келген ботқа клетчатка көзі. Ол тәніміздегі қалдықтарды сыртқа шығарып, күнделікті майдың сіңірілуін бақылайды.

Сүт өнімдерін де назардан тыс қалдырмаңыз. Таңертеңгілік ішілген бір құты сүт немесе бір кесе сүзбе аса пайдалы.

Бетті дайындаған Е.МҰХАМБЕТЧИН, студент.

## Темекіні тартқаның - өміріңді құртқаның

Жас пен кәрінің де, қыз бен ұлдың да аузына қыстырып, түтінін бұрқыратып тұрғандарын күнделікті өмірде жиі ұшырастырып жүрсек те аса мән бере қоймаймыз. Себебі, біз үшін ол үйреншікті әдет сияқты. Дегенмен осы көк түтіннің кеселді зияны туралы аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. Соны көре тұра, естіп – біле тұра оған құмартушылығымызға не себеп? Шынында да темекінің зияндылығы сонда тіпті оның түтінін жұтқан адамға да қауіп. Ғалымдардың пікірінше, темекі түтінінің өзінде ғана адам



саулығына айтарлықтай жағымсыз зиян келтіретін 30-дан астам химиялық улы заттар болады және адам организміне әр қырынан қауіп төндіреді-мыс. Сонымен қоса өкпе ауруына шалдығушылардың 90 %-ы осы темекі тартатындар. Темекі мен оның түтінінің қауіптілігі жас сәбилер үшін өте жоғары. Себебі, олардың әлі жетілмеген организмі, жүйке және қан айналым жүйесі темекі түтінінен қатты зардап шегеді.

Темекі тарту - өте зиянды. Осы зиянды әдетке ер адамдармен қоса әйел адамдардың да қызығушылығы артауда. Көшеге шыға қалсақ, қуыс-қуыста, бұрыш-бұрышта екеу-үшеуден иіріліп алып темекіні бұрқыратып тұрған қыз-келіншектерді көру қиын емес.

Жаман әдеттен жиреніп, жақсы нәрсеге үйренудің орнына қайдағы бір көк түтіннің құрбанына айналу адамзат атаулыға жат нәрсе деп білеміз.

Сондықтан да темекіге тәуелді болмай, деніміз сау, он екі мүшеміз аман болып, салауатты өмір салтын қалыптастыруда белсенділік танытуға шақырамын.

Жастарды шешен сөйлеп, салмақты ой түйіп, тың идея мен ұтымды ұсыныс айтуға бейімдейтін дебат ойындарының облысымыздағы даму барысының деңгейі жоғары екендігін 22-мамыр күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың киелі шаңырағында оздырылған облыстық турнирден анық аңғаруға болады.

Өсіресе, бұл ойында өзінің сөйлеу мәнерімен, сөз саптау шеберлігімен, көпшілік алдында ой қозғау қабілетімен ерекше көзге түсіп, турнир қорытындысы бойынша «Үздік спикер» номинациясын жеңіп алған БҚАТУ-дың «Парасат» командасының ойыншысы Мұратов Еркінді айтуға болады. Сонымен қатар, дебат ойындарына

пы қорытынды бойынша, БҚАТУ-дың «Парасат» тобы үздік деп танылып, жүлделі I орынды иеленсе, БҚМУ-дың «Патриот» командасы II орынға, ал БҚМУ-дың «Жігер» командасы III орынға ие болды. Жақсы ойын көрсеткені үшін ОҚЭК-нің «Жас алау» тобы алғыс хатпен марапатталды. Ойынға әділ баға беріп, төрешілік жасаға-

# ШЫҢДАЛУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Ойын Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай өткізілді. БҚО Ішкі саясат басқармасының қолдауымен өткен бұл дебат ойындарын БҚМУ «Ақиқат» пікірталас орталығы ЖҚБ ұйымдастырды. Дебат десе «ішкен асын жөгіне қоятын» облысымыздың жоғары және арнаулы оқу орындарының белсенді жастары бұл кезекті турнирге мол ынта-жігерлерімен атсалысты. Атап айтсақ, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, ОҚЭК, М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттерінен құралған командалардың ойыны қызықты, тартысты әрі тартымды өтті десек артық айтқанымыз болмас. Ойын барысында талқыға түскен тақырыптардың ауқымы кең, жан-жақты болды. Саяси жаңалықтарды, республикада болып жатқан қоғамдық, әлеуметтік, мәдени іс-шараларды саралап отыратын ойыншыларымыздың әр тақырыпқа қатысты айтар ойы, ортаға салар пікірлері тың әрі тапқыр болды. Мысалы, үкіметтік емес ұйымдардың Қазақстандағы қызметі, Қазақстанның Кеден Одағына мүше болуы сынды ауқымды тақырыптарда ой қозғаған жастардың пікірі, шындығында да, назар аударарлықтай маңызды әрі мәнді болды.



жаңадан қосылған ОҚЭК-ның «Жас алау» командасы да өздерінің талаптарын көрсете білді. БҚМУ-дың «Патриот» тобының ойыншысы Берниязов Ерболат жаңа идеямен, тапқыр ойымен жиналған парламентарияның көңілінен шыға білді. Жап-

ны үшін Жақсығалиева Альфия «Үздік төреші» атанды. Барлық жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Гүлнұр ЖАНТУРИЕВА, «Ақиқат» пікірталас орталығының мүшесі.

## п Мемлекеттік тіл

Тіл - ұлттың тірегі, болмысы, байлығы және рухы. Қандай ұлт болмасын, сол ұлттың ең бірінші байлығы - тілі. Ол өзінің тілімен мақтана алады. Бұл дүниеде ең қатты да, ең жұмсақ та, ең ащы да, ең тәтті де - тіл. Атадан балаға мұра ретінде қалып келе жатқан тілімізді қастерлеу - әрбір адамзаттың парызы. Адамды мұңайтатын да, қуантатын да, жылататын да, күлдіретін де - тіл. «Тіл тас жармаса, бас жарады» деген ұлағатты сөз осыдан қалса керек.

# Ана тілің - арың бұл

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Қазақстанның «Тіл туралы заңы» 1989 жылы 22 қыркүйекте қабылданды. Сондықтан да 22 қыркүйек - бүкілхалықтық Тіл мерекесі болып саналады. Бұл күні Қазақстанда қазақ ұлтымен қоса, өзге ұлттар мен ұлыстар тіл мерекесін тойлайды. Анамыздың сүтімен келген ана тіліміздің қадір-қасиетіне әлі де жете алмай жүрміз. Елбасымыздың «2008 жылдан бастап бүкіл мекемелердегі іс-қағаздар қазақ тіліне көшуі керек» деген қаулысы шыққан болатын. Ендеше, сол іс-қағаздары қазақ тіліне көшуге дайын ба? Бұл сұрақ кімді де болса елендетпей қоймайды. Елбасымыздың бұл жарлығы баспасөз беттерінде, көптеген телехабарларда өз көрінісін тауып жатты. Сол телехабарлардың ішінде «Хабар» телеарнасындағы «Тіл» бағдарламасы ерекше болатын-тұғын. Бұл бағдарламаның басты мақсаты - қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Оған әр түрлі ұлт өкілдері қаты-

сады. Олар таза қазақ тілінде сөйлей алмаса да, сөйлеуге талпынады. Осындай тілімізді ұлықтайтын, саналы ой салатын бағдарламалардың көп болғаны көңілімізді бір серпілтіп тастайды.

Ана тіліміздің елдегі қолданылу аясына көп мән бере бермейміз. Ал жұртшылықтың бір-бірімен сөйлесуіне қарап тұрудың өзі жиіркенішті. Өсіресе, қалалық жерлерде мұндай жағдайлар жиі кездеседі. Аузынан шыққан бес түйір сөздің жартысын орысша, қалғанын қазақша айтып қарап тұрады. Байқаймын, солардың көпшілігі - қазақтар. Тіпті көкек өз баландарын өзге ұяға басса да, олар өз тілдерінде сайрайды. Ал қазақтар өзінің туған жерінде тұрса да, өзге тілде сөйлейді. Нағыз мемлекет қалыптасу үшін, алдымен оның тілі мықты болуы керек. Жоғарыдағы көш бастап отырған ағаларымыздың тілі де қуантарлық емес. Тек кейбіреулерін ғана мақтанышпен айта аласың. Өсіресе, өз тілі үшін жанын қиып беруге дайын тұратын Мұхтар Шаханов ағамызды ерекше

атап өтер едім. Өздерінше, тіл жанашырымыз деп кеуделерін керіп, шіренетіндері де бар. Бірақ, одан түк те шығып жатқан жоқ. Тіпті үкіметбасының өзі жарытып қазақ тілінде сөйлей алмайды. Тәуелсіздік алғанымызға 19 жыл болды. 19 жылда әлі дұрыс қазақ тілінде сөйлей алмаймыз. Намыс қайда? Өлде намысымыз өзге тілдің аяқ астында езіліп кеткен бе?

Тіл - ұлттың мақтанышы. Тіліміз болмаса, мәңгірт болар едік, жік-жікке бөлініп өзгенің жетегінде кетер едік, онда «қазақ» деген ұлт өкілі болмас та еді... Тіпті кезінде басымызға сондай аласапыран күндер туған да еді. Тілімізден, дінімізден, ұлттық байлығымыз бен салт-дәстүрімізден айырылып қала жаздадық емес пе?

«Егер тілім болмаса, мен бүгін-ақ өлуге дайынмын» деген екен Дағыстанның ұлы ақыны Расул Ғамзатов. Жанның жарасын емдеу оңай, ал тілдің жарасын емдеу қиынның қиыны екені даусыз. Тіліміздің таусылмас қоры мен қасиетін жырлаудың мәңгілік бітпейтінін ақын Ғафу Қайырбеков те өз жырларымен тамаша бейнелеп берген. Осы өлең жолдарымен тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасасам деймін:

Ана тілім - күшім менің қуатым, Жырым сендік жүрегімнен туатын. Тауысар ма ырысыңды, қорыңды, Тізерлесіп қатар жазса мың ақын.

Гүлмира НҰРҒАЛИЕВА, 02103-топ студенті.





Р  
К  
Е  
Н



№ 5 (854) мамыр 2010 жыл

6



Иә, уақыт зымырап өтсе де, ұлтымыздың басынан өткен талай нәубет кезеңдері тарих беттерінде сайрап жатыр. Сонымен қоса, қазіргі кезеңімізде де нәубет кезеңдерді басынан өткізген көнекез қарияларымыз да бар екенін және олардың жастарға бөер кеңесі де зор екенін айтпаса да белгілі. Олардың әр сөздерінен жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің лебі есіп тұрмақ. «Жастарға айтар тілегі қандай екен?» деген бағытта Ұлы Отан соғысының ардагері Тұрашев Қарасай Тұрмақұлымен әңгімелескен едік.

## Ғазаздардың ҒӘТІЛАЗЫ

«Мен 1927 жылы 12 сәуірде Бөрлі ауданы Жылысай деген сайдың жағасында дүниеге келгем. Әкем төрт ағайынды



болған. Сол жылдары мектептерді қысқартып жатырған болатын. Мен 10 жылдықты Орал қаласында «Фабрика народного труда» деген мектепте оқыдым. Көбін Қарағанды шахтасына жіберген болатын. Мен жағдайларыммен бара алмадым. 1944 жылы облыстық ұшқыштар даярлайтын мектепке барып, бірақ жасым 18-ге толмағасын қабылданбай қалдым. Кейін Омск қаласындағы барлаушылар даярлайтын училищеге түстім, - деп бастады ардагер-ұстаз әңгімесін, - Көптеген кружоктары бар училище болатын. Жеті айға жетпей бір кеште жинап алып «оқу мерзімі аяқталды, қару-жарақтарыңды тапсырыңдар» деді. Бұл 1945 жылдың бас кезі болатын. Сол кездегі әскери-соғыс жағдайына байланысты оқуды мерзімінен бұрын аяқта-тып, содан соң Москваға алып кетті. Москваға барып 446-шы атқыштар дивизиясына бөліндім. Кейін құрамындағы әскерлері азайып қалған 10-шы дивизияға қосты. Алтыншы қаңтар күні кіші лейтенант атағы берілген еді. Училище курсанттарын осылай соғысқа, Батыс Украина территориясына аттандырды. Бұл кезде Батыс Украинада ОУН, УПА қарулы күштері, Совет өкіметіне, Совет Армиясына қарсы соғыс қимылдарын жүргізіп жатқан. Бұл кез қиын кезең болды. Жау барлық жерде болды. Күндіз

қарапайым адамдарға ұқсап жүрсе, кеште көтеріліп отырды. Соғыс аяқталған соң, 1947 жылы Москвада білімді жетілдіруде оқып, Москвада болдым. Денсаулығыма байланысты 1952 жылы елге оралдым».

1948-1952 жылдар аралығында Қарасай Тұрашев Батыс Украина жерінде Отанымыздың мүддесін қорғай отырып, соғыс қимылдарына белсене қатысып 1952 жылы елге оралады.

Елге оралғаннан кейін 1952 жылы Орал педагогикалық институтының география факультетіне келіп оқуға түседі. Бұл кез-



де соғыс кезінде эвакуацияға ұшыраған батыс аудандардан келген білімді, ғылыми дәрежелері жоғары, тәжірибелі ұстаздар географияның негізгі салаларынан дәріс берген.

1957 жылы институтты өте жақсы деңгейде бітіріп шыққаннан кейін алғашқы еңбек жолын Батыс Қазақстан облысының халыққа білім беру басқармасында инспектор болып бастап, 2 жылдай жұмыс істейді. Кезінде өзіне дәріс берген, факультеттің алғашқы деканы Г.В.Москалевтың шақыртуымен 1959 жылы Орал педагогикалық институтына оқытушылық жұмысқа орналасады.

40 жылдан астам болашақ географ мамандарына білім-тәрбие берумен қоса факультет деканының орынбасары, партия ұйымының хатшысы, басқа да қоғамдық жұмыстар атқарған.

Қарасай Тұрмақұлы - өзі жүргізетін пәнін терең білетін тәжірибелі ұстаз. «Ұстазы пейілді болса, шәкірттері зейінді келеді» дегендей, ұстаз алдынан дәріс алған шәкірттерінің ішінде ғылым докторлары, профессорлар, ғылым кандидата-



ры қаншалық?! Еліміздің әр өңірінде халыққа білім беру саласында, аудандық, облыстық деңгейдегі оқу ісінде, республиканың министрлігінде, басқа да қоғамдық жұмыс орындарында еліміздің өркендеуіне үлес қосып жүрген шәкірттері ұстаздың ұстаздық жолындағы білімділігін, зиялылығын, мәдениеттілігін бағалап, сыйлап, құрмет тұтады.

Ардагер-ұстаз өмірлік жары Мариям Мамайқы апамызбен 1952 жылы отбасын құрады. Мариям Мамайқы да шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз, қазіргі құрметті зейнеткер.

Бір ұл, бір қыз тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған өнегелі ұстаздар отбасы.

Ұлы - Дамир Тұрашев ағылшын тілінің жоғары дәрежелі, білікті маманы. Мамандығы бойынша Москва қаласында еңбек етуде. Қызы - Аида педагог-тарихшы, итальян тілін меңгерген. Ленинградта жұмыс істеп жүр. Ұл-қыздарынан өрбіген немере-жендерінің сүйікті ата-әжесі.

Қарасай Тұрмақұлының еңбегі бірнеше орден, медальдармен және ұстаздық қызметінде «Қазақ ҚССР ағарту үздігі», «КСРО ағарту ісінің үздігі» белгілерімен бағаланды. Қазақстан Республикасының Білім беру министрлігінің құрметті грамотасымен марапатталған.

«Қазір ұлдарымыз армияға сұранып барады. Әскердің экономикалық жағдайы біраз жақсарған. Ел көреді, жер көреді. Ал білімділігі жағынан бәрін айтпай-ақ қояйын, бірақ көп жастарымыз кітап оқымайды. Сауатты ететін, деңгейін, ой-өрісін кеңейтетін ең бірінші сол кітап. Швейцарияда бала мектепке барғаннан бастап «біз кедей елміз. Егер жақсы, ауқатты өмір сүргілерің келсе, ең бірінші білімді болуларың керек» дейді. Жастарымыз білімді, тәртіпті, ынталы болуы керек. Ар, ұят деген нәрселерді жадынан шығармауы тиіс. Еліміз аман болсын, есіп-өркендей берсін», - деп ақ батасын берді ардагер жастарға.

Өз тілшіміз.

Күз. Айнала сары алтынға боялып, жапырақтар сылдыры көбейгендей, жұтаң терек билегендей. Ия, бұл алтындай сап-сары қоңыр күз біреуге қуаныш әкелсе, енді біреуге жұбаныш сыйлағандай. Жапырақтың ағашынан еріксіз айырылып өткір желмен көкке ұшуы Аяулымның да асқақ арманының келмеске кетуімен бара-бар еді. Әр жылдың осы мезгілі жүректегі бітел-меген жараны қайта қозғайтынды...

## Сары уайым, сары күз



Алтын ұя мектебін жақсы тәмамдап, үлкен өмірге қадам басқан балғын бойжеткен бойында бір ұлқы күш пайда болды, жатса да, тұрса да көз алдында жанары аялы, сол Еділ тұратын. Ол туралы қандай сөз естимін деп алабұртқан көңілі бір тыншыр емес. Еділді соңғы көрген сәті ол мектеп бітіру кеші еді. Сол күні гүлдей құлпырған қыздың талдырмаш, ғажайып бейнесі кімді де болса өзіне тартардай. Сызыла айтылған әуенге шыр айнала билей жүріп, өзін бір хор қызындай сезінген Аяулым сыртынан Еділдің өзіне көз алмай қарап тұрғанын байқалмаған еді. Албырт көңіл сол түні оны сыртқа итермеледі. Далаға шыққаны сол еді артынан Аяулым деген таныс үнге жалт қарады. Сол баяғы Еділ... Дүние шыр айналды. Десе де оған деген сезімі алып ұшса да білдіртпей өрекліген жігіт ұсынысына жай ғана «иә» деген болатын. Қос ғашық бір-біріне деген жан

сезімін сол түні білдірсе, бір өкініштісі таң ата Еділдің әскерге кететіні еді. «Мен сені сүйемін, сен мені күтесің ғой, уәде берші» деп қиылып сұраған ғашығына Аяулым «Әрине, күтем» деп жауап қатқан болатын.

Содан міне, Аяулым сүйіктісімен хат

алысып, біраз уақыт мауқын хат арқылы басқан болатын. Қалаға келіп жаңа өмірге аяқ басқан Аяулымның бар арман-мұраты сүйіктісімен қосылып бақытты болу еді.

Бірақ, бұл бақыт оған бұйырмапты. Бір жыл өтті ме, өтпеді ме, көптен оны сырттай аңдып, көз тігіп жүрген қалалық жігіт алып қашты. Тағдырға не шара, басқа салғанға көнді де...

Тағы да сол күз. Осы қоңырқай тартқан сағым күзде оның ең соңғы хатын оқыған еді. Жай ғана терезеге үңіліп «Еділім, жүрегім» деп жүрегін басқаны сол еді. «Не ойлап тұрсың!», деп ақырған күйеуінің дауысынан селк ете түсті.

Қас қарайып, күн ұясына батқан шақ еді. Аяулым да үнсіз тірлік қамына кірісіп те кеткен болатын...

Оксана БАРАСОВА,  
қазақ тілі мен әдебиеті бөлімі студенті

## Бір өкініш, бір үміт...

(әңгіме)

Ауыл таңы азанмен арайлап атса, күн батардағы ауылдың батыс беті ерекше нұрланатын да сөзсіз. Қызыл шырайлана күн, біздің ауылды қимай тамаша көрініс, тылсым құбылыс сыйлап, күңіреніп барып ұясына тығылатын. Осы уақыт ауыл маңы азан-қазан тіршілікпен айналысып, мал-жанын түгендесер сәтте, ауыл шетіндегі Көктөбеде Әлия әжей таяғын сүйеніп ойға шомылып тұратын сәттерін ауыл адамдары аңғарса да, көп кейіп таныта қоймайтын. Бір көрген адамға оғаштау көрінетіні сөзсіз. Себебі Әлия әжей Көктөбеде ұзақ тұратын үйіне қай кезде оралатыны да белгісіз, іздейтін де күтіп отыратын да ешкімі жоқ-ты. Іздейтін ешкімі болмағандықтан ба, осы көрініс күнде қайталанатын. Әлия әже де үнемі ой үстінде жүретін. Бірде аман-дығыңды алса, бірде қасынан өткен жанды аңғармай да қалатын. Әже шамалас үлкендер жағы, «Әлия кітап жазып жүргеннен саумысың, ойға шомыласың да жүресің?!» - деп әзілдесіп жатса да, кейбіреуі «жан дегенде жалғыз ұлын сағынатын шығар, соны ойламағанда кімді ойласын біздің көрші» - деп көрші апайлар Әлияны түсініскен сыңай танытады. Әжейді түсіну де қиын, көп ешкіммен

араласы да жоқ, шақырған жерге бірде барса, бірде бармай, кейде сырқаттанып екі-үш күн сыртқа шықпай жатып қалатын кездері болады. Ондай мезгілде алыстан соғатын жамағайындары Қобылан мен Роза жәрдемдесіп, оны-мұнысына қолұшын берісіп жүретіні болмаса, үш бөлмелі ұядай үйінің тіршілігін әже өзі дөңгелетіп отырады. Тіршілік иесіне зияны жоқ, аузынан Алласы түспейтін Әлия әжейдің осы сырын мен де алғашында түсінбей, анамнан сұраған болатынмын.

Сәл күрсінді де, әңгімесін жатпай-тұрмай еңбек етіп, арқалап өсірген жалғыз ұлы, орыс қызына үйленіп, төркініне кетті, міне жеті жыл болды хабар-ошарсыз деп, қысқаша баян етті.

Күн суытып, күздің қоңыр самал кештерінің бірі, Көктөбенің басынан Әлия әжейді тағы да көзім шапты. Жағы суалыңқы, маңдайын әжім басса да, қой көздері, алысты шалып, сағынышын сағымның арасынан іздейтіндей. Өкініштің өрті өртесе де, ұлынан үмітін үзбей үздіксіз қараудан жалыққан емес...

Дарья КАБДУЛЛИЕВА,  
қазақ тілі мен әдебиеті бөлімі студенті.



Р  
К  
Е  
Н



№ 5 (854) мамыр 2010 жыл

19





11-12 марта 2010 года на II Болонском форуме Министров образования стран-участниц Болонского процесса (в г. Будапешт, Венгрия и г. Вена, Австрия), Казахстан присоединился к Болонской декларации и стал 47-ой страной – членом Болонского процесса, первой страной Центрально-Азиатского региона, подписавшей Болонскую декларацию.

Цель участия Казахстана в Болонском процессе – это расширение доступа студентов к европейскому и мировому образованию, приближение стандартов качества национального образования к мировым стандартам.

## ВЫХОД КАЗАХСТАНСКИХ ВУЗОВ В МИРОВОЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ ПРОСТРАНСТВО ЧЕРЕЗ УЧАСТИЕ В МИРОВЫХ РЕЙТИНГАХ

В послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана» (2010 год) поставлена задача соответствия качества высшего образования самым высоким международным требованиям. ВУЗы страны должны стремиться войти в рейтинги ведущих университетов мира.

В настоящее время около десятка организаций в разных странах проводят мировой академический рейтинг вузов по своим критериям и показателям. Наиболее авторитетными среди них являются:

Институт высшего образования Шанхайского университета Джао Тонг «Shanghai Jiao Tong University», составленный с 2003 года ежегодный академический рейтинг 500 ведущих университетов мира, называемый Academic Ranking of World Universities (ARWU).

Британская газета «Times», которая ежегодно (начиная с 2004 года) в своем специальном приложении «Times Higher Education Supplement», с 2010 года называемом Times Higher Education (THE), печатает список 200 лучших университетов мира.

Британская компания «Quacquarelli Symonds», известная под брендом QS, печатает как короткие, так и длинные рейтинговые списки вузов мира.

Также известна лаборатория

Cybermetrics Центра информации и документации Национального исследовательского совета Испании, и ряд других рейтинговых агентств.

В 2009 году в международном рейтинге Times Higher Education – QS World University Ranking (Великобритания) среди 17 тысяч участников были и ВУЗы Казахстана: Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева; Казахский национальный университет имени аль-Фараби; Карагандинский государственный университет имени Е.А. Букетова; Казахский национальный технический университет имени К.И. Сатпаева; Южно-Казахстанский государственный университет имени Ауезова и др.

По результатам рейтинга Times Higher Education:

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева получил 531-е место;

Казахский национальный университет имени аль-Фараби – 601-е место;

Карагандинский государственный университет имени Е.А. Букетова – 605-е место;

Казахский национальный технический университет имени К.И. Сатпаева в рейтинговом агентстве «Times Higher Education – QS World University Rankings» занял 601-е место.

Необходимость модернизации национальной системы образования и улучшение ее качества с перспективой вы-

хода на европейский и мировой уровни определена в Государственной программе развития образования на 2011-2020 годы.

В рамках реализации данной программы намечены конкретные показатели развития высшего и послевузовского

образования. Так, к 2020 году доля вузов в Казахстане, осуществляющих подготовку магистров, достигнет 85% от их общего числа, в каждом пятом вузе будет проводиться подготовка докторов философии (PhD).

Доля вузов, внедривших систему зачетных баллов по кредитной технологии обучения по типу европейской системы перевода кредитов (ESTC), в Республике Казахстан достигнет 50%, а доля вузов, осуществляющих программу двух дипломного образования с зарубежными вузами – 20%.

Каждый пятый вуз Казахстана будет осуществлять инновационную деятельность путем интеграции образования и науки на основе трансферта результатов научных исследований в производство. К 2020 году все вузы Казахстана будут подключены к Республиканской межвузовской электронной библиотеке и каждый шестой вуз пройдет специализированную и институциональную аккредитацию в признанных зарубежных агентствах.

Несомненно, что реализация подобных шагов высшей школы Казахстана будет способствовать узнаваемости и привлекательности казахстанских вузов. Следует надеяться, что и Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова не останется на обочине высшего образования.

**В. МЕЛЬНИКОВ, Директор АЦ.**

**М.Қасымбековтің «Первый. Қазақстан Республикасының Президенті туралы очерктер» атты кітабына байланысты дөңгелек үстел өтті.**

## Тағылымды басқосу

Үстіміздегі жылдың 12 - мамыр күні М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде М.Қасымбековтің «Первый. Қазақстан Республикасының Президенті туралы очерктер» атты кітабына байланысты дөңгелек үстел болып өтті. «Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік пәндер» кафедрасы, тарих және құқық факультеті және ғылыми кітапхананың ұйымдастыруымен

өткен бұл жиынға БҚО Ішкі саясат басқармасының бастығы Г.И.Имашев, «НұрОтан» БҚО ХДП филиалының мүшелері, БҚМУ ардагерлері Қ.Ж.Сүйіншалиев пен М.Ж.Жолдықайырова, оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы және студенттер қауымы қатысты.

Жиында еліміздің тұңғыш Президентін тану арқылы, оның жан-жақты қырларын ашып көрсету, Қазақстанның Тәуелсіздік

алу жайы, Қазақстан Республикасының саяси жүйесін қалыптастырудағы Президенттің рөлі, мемлекеттің құрылымының кезеңдері, «Қазақстан Стратегиясы-2030» идеяларын іске асырудағы Н.Ә.Назарбаевтың рөлі, еліміздің дағдарыстан кейінгі дамуының басым бағыттары жайында әңгіме өрбіді.

Кітаптың авторы – Махмуд Қасымбеков саяси ғылымдар докторы, профессор, ҚР Президенті жанындағы Кеңес басшысы болып қызмет атқарады. Аталмыш кітапта Елбасының өмірі, қызметі жөнінде үлкен фактілік материалдар, құнды деректер баяндалған.

Всемирный день книг и авторского права отмечается ежегодно 23 апреля, начиная с 1996 года. Эта дата была утверждена на Генеральной конференции ЮНЕСКО, в Париже в 1995 году. Утверждение ЮНЕСКО Дня книги доказывает, что и в информационном веке именно книга – важнейшее средство передачи знания и по сей день – самый надежный способ его хранения.

Естественно, что празднование не обходится без книжных выставок, ярмарок, презентаций... И непременно – библиотеки. Ярким примером тому служит масштабное мероприятие, подготовленное в этот день работниками ЗК ОУНБ им. Ж. Молдағалиева.

## ЭТИ СТРОКИ О ВОЙНЕ...

Есть только одно действительно неистощимое сокровище – это библиотека.

*Пьер Бауст.*

В этом году День книги в библиотеке был приурочен к 65-й годовщине Победы в ВОВ. До 23-го апреля библиотека провела не менее значимые мероприятия: проводы ветеранов Б. Жумағалиева и И.С. Гапича на парад Победы в Москву; встречу студентов города с ветеранами ВОВ и в то же время ветеранами библиотечной профессии, двумя замечательными женщинами: Л.И. Губановой, прошедшей всю войну, бывшим директором библиотеки и В. Г. Богдановой, труженицей тыла, проработавшей в библиотеке более 30 лет.

Непосредственно в День книги 23 апреля в торжественной обстановке была проведена презентация нового в Уральске издания – «Хронограф Победы». В малом зале областной филармонии собрались работники библиотек города, ветераны ВОВ и тыла, студенты и школьники, преподаватели. Вечер презентации был открыт поздравительной речью шеф-редактора газеты «ИНФОРМБИРЖАnews» - Сергея Кульпина и начальника областного управления архивов Вячеслава Иночкина. Презентация книги – процесс творческий, требующий качественной подготовки и, конечно, интересной подачи. С этой миссией библиотека справилась на «ура». С помощью студентов Института культуры и искусства – будущих библиотекарей и организаторов известного в городе литературного салона «Свеча» - была организована нестандартная форма книжной презентации: литературно-музыкальная.

«Хронограф Победы» название говорящее. Это лента военных событий, это книга – о войне и о Победе и о тех уральцах, которые ее пережили и отдали свои силы на свершение Победы. К сожалению, с каждым днем ветеранов рядом с нами становится все меньше. Нужно помнить их великий подвиг, говорить о них, благодарить их! А как рассказать о войне, чтобы она стала понятной и тем, кто лишь знает о ней по книгам и кинофильмам? Это, конечно, стихи о войне и песни военных лет. Начальные, радостные, пробирающие насковзь, до слез, до замирания сердца...

Именно такими были выбранные для презентации произведения. Выстроенный в хронологическом порядке сценарий, в котором использовался текст презентуемой книги, представил зрителям не толь-

ко видеохроники военных лет, но и стихи В. Высоцкого, Б. Окуджавы, Ж. Жабая, К. Симонова. Так же в этот вечер со сцены прозвучали незабвенные песни военных лет – «Катюша», «Огонек», «Десантный батальон» в исполнении солистки областной филармонии и замечательной певицы Марины Дикиной. До слез тронуло всех присутствующих выступление юной и талантливой обладательницы гран-при фестиваля «Жас дарын» - Валерии Головкиной с композицией «Баллада о матери». Так же в этот вечер на сцену поднялись и другие друзья, и постоянные гости литературного салона «Свеча» - Опря О. В., Мухамадиева Д, Руденко А., Самойлова Г и другие. Вечер вели хозяин салона – Сергей Быков, которому помогли Рамеева Бэлла и Тлеген.....

Весь сценарий написанный студентами создал эффект неделимости действия, обрисовал единую сюжетную линию. Можно с уверенностью охарактеризовать презентацию как представление, своеобразный мини-спектакль.

Зрители были благодарны за великолепное представление. Об этом говорили все: и слезы самых чувствительных из гостей при чтении военной лирики, и громкие аплодисменты, и улыбки на лицах, и вставший в едином порыве зал, спевший вместе с блистательной Анастасией Руденко – «Атамекен», что стало последним штрихом в презентации замечательной книги – «Хронограф Победы».

Библиотека о войне, которое способно многое дать любому человеку. Подобные мероприятия – действенной-

ший способ привлечь своего читателя, завоевать доверие, вызвать к библиотеке живой интерес. Массовые мероприятия в библиотеке должны проходить именно так: с большой отдачей, с душой, с песней! Ведь так мало в серости наших будней подобных событий. Редкие походы в театр, постоянная нехватка време-

ни, учеба, работа... Многое заменяют нам популярные телепередачи, современные кинофильмы, Интернет. Сейчас лишь для немногих книга – отдушина, советчик, друг, отдохновение от забот и печалей. А другие и не знают, что почитать для ума, для души.

Библиотека – сокровищница драгоценностей. Блеск их – в знании, которое даруют нам книги, в художественном искусстве слова и поэтического слога. Приоритетной задачей для современных библиотек является сохранение, поддержание и повышение спроса на свои услуги. Пусть люди вновь читают!

Отрадно для библиотечного сообщества, что молодежь приходит в профессию. Презентация книги «Хронограф Победы» продемонстрировало преемственность поколений: ветераны ВОВ и их внуки, и правнуки; наставники и ученики; библиотекари и студенты библиотечного факультета. Все они – участники и свидетели праздника – Дня книги. А значит и дня памяти, дня знания, дня творчества и созерцания.

Книга трансформируется. Но не теряет значимости, нет. Лишь обретает новые грани и возможности. Никто не забыт, ничто не забыто, пока хранят библиотекари книги – нетленное знание. О мире и о войне, о природе и человеке, о жизни и о его чувствах. Обо всем и обо всех расскажет нам Великая Книга!

**РАМЕЕВА Бэлла, БЫКОВ Сергей,**  
студенты III курса ЗКГУ  
специальности «Библиотековедение и библиография».

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

*Түрік Республикасы Үкіметі  
Түрік Республикасының жоғары оқу орындарында магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуға байқау жариялайды. Құжаттарды қабылдау 15 мамырдан 25 маусымға дейін жүргізіледі.*

*ЮНЕСКО стипендиялары Бағдарламасының шеңберінде Тольма үкіметі 2010-2011 жылдарға ЮНЕСКО елдері өкілдеріне бакалавр/магистр дәрежесі бар тұлғаларға 15 стипендиялық орын бөлген. Құжат қабылдау 8 маусымға дейін жүргізіледі.*

**Халықаралық қатынас бөлімі.**



# СПРАВКА

**Аккредитация** - это процесс, посредством которого аккредитационный орган оценивает качество деятельности вуза в целом или отдельных образовательных программ вуза с целью признания их соответствия определенным стандартам и критериям.

Аккредитация подразделяется на институциональную/специализированную, а также на национальную/международную.

**Институциональная аккредитация** - аккредитация организации образования в целом.

**Специализированная аккредитация** - аккредитация отдельных образовательных профессиональных программ вуза.

**Национальная аккредитация** - аккредитация организации образования или программы аккредитационным агентством в рамках страны.

**Международная аккредитация** - аккредитация организации образования или программы зарубежным аккредитационным агентством.

Процедура осуществления институциональной аккредитации проводится в соответствии с Постановлением Правительства РК от 29.12.2007 года № 1385 «Об утверждении Правил аккредитации организаций образования». Она включает в себя следующие этапы:

**этап №1** - самооценка (внутренняя оценка);

**этап №2** - внешняя оценка комиссией экспертов;

**этап №3** - принятие решения Аккредитационным советом, и в случае положительного решения, получение свидетельства об аккредитации.

Процедура самооценки проводится вузом на основе стандартов и критериев институциональной аккредитации в течение от 1-го до 2-х лет и охватывает все стороны деятельности вуза, после которого готовится отчет о самооценке. В период проведения вузом самооценки, по предварительному соглашению с ним, НКАОКО оказывает консультационные услуги с выездом своих представителей на место. По завершении процедуры самооценки аккредитуемый вуз (не менее чем за 1 месяц до предполагаемого посещения экспертной комиссией) высылает в агентство 5 экземпляров отчета по самооценке, который тщательно изучается всеми членами экспертной группы до посещения вуза.

После этого экспертная комиссия выезжает в вуз для оценки достоверности выводов самообследования. Процедура внешнего визита проводится в течение 2-4 дней экспертной комиссией, созданной НКАОКО.

Отчет, рекомендации, представленные экспертной комиссией, и материалы об аккредитации вуза рассматриваются в НКАОКО Советом по аккредитации. В состав Совета по аккредитации вуза входят представители Мажилиса Парламента Республики Казахстан, ректора высших учебных заведений, научных организаций, представители работодателей и общественности. Состав Совета утверждается приказом Директора НКАОКО.

Аккредитация вузов проводится на основании заявления организации образования и составления договора о проведении аккредитации.

Принятие окончательного решения Советом по аккредитации


НКАОКО осуществляет анализ отчета и рекомендаций экспертной комиссии и представляет его Совету по аккредитации для принятия решений. Положительный отчет экспертной комиссии и заключения НКАОКО являются обязательным условием для принятия положительного решения Советом по аккредитации.

Совет по аккредитации может принять одно из следующих решений: аккредитовать вуз сроком на 5 лет или отказать в аккредитации.

Срок присвоения высшему учебному заведению статуса аккредитованной организации образования равен пяти годам. По истечении срока или для продления срока аккредитации вузу необходимо пройти повторную аккредитацию (реаккредитацию).

В случае положительного решения об аккредитации НКАОКО публикует краткий отчет об аккредитации вуза в средствах массовой информации и на своем сайте.

Схема процесса аккредитации



## Имандылық әліппесі

Имандылық – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттері белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш, қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. Дәстүрлі қазақ қоғамында адамның имандылығына – мінез-құлқы жүйесіндегі ерекшеліктеріне көп көңіл бөлінген. Адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ер жетуі, тіршілік етуі, қартаюуы, ата мен баланың қарым-қатынасы, үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді маңызды мәселелер имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ешқашан да назардан тыс қалмаған.

## ОТБАСЫНЫҢ БЕРЕКЕСІ – ИМАНДЫЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ...

Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі өмір сүру салтына айналған. Қоғамда берік қалыптасқан осындай көрегенділікпен өмір кешу дағдылары жинала келіп, барша адамгершілік қағидалардың, имандылықтың жазылмаған кодекстерінің қалыптасуына негіз болған.

Бойына адамгершілік асыл қасиеттерді жинап өскен жасты «көрегенді» деп, жүрегінен нұр, өңінен жылу кетпейтін, әрдайым жақсылық жолын ойлайтын, әр істе әділдік көрсететін адамдарды «иманды» деп атаған. Мұсылмандық дүниетаным бойынша имандылық иманнан пайда болады. Ал иман – жүректегі нұр, нұрдың сыртқы болмысы, яғни имандылық. Алла тағалаға иман еткен адамға бітетін көркем мінез. Алла жіберген әрбір пайғамбарының міндеті – иман мен имандылыққа уағыздау деп саналған. Ең соңғы пайғамбар Мұхаммед «Мен ең жапа көркем мінезді толықтыру үшін жіберілдім», - деуі арқылы әлемдегі тәлім-тәрбие мен имандылықтың қаншалықты маңызды екенін көрсеткен, имандылыққа өзі бірінші үлгі болған делінеді. Алла тағала адамды иман мен имандылық үшін жаратқан, сондықтан: «Алланың мінезінен үлгі-өнеге алыңдар» (Мұхаммед пайғамбар), - деп уағыздалады. Имандылықтың негізін мұсылмандар Құранда деп біледі. Құран көрімінен ең көп үлгі алған Мұхаммед пайғамбардың мінезі жайлы Хазіреті Айша: «Оның мінезі - Құран», - деп жауап берген. Ізгі істер діни ұғым бойынша имандылық болып табылады. Қазіргі зайырлы өркениетті қоғамда имандылық – аса қастерлі, биік адамшылық қасиет ретінде ұсынылады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Иманым» атты жинағында жаратылыс жұмбағы, Алла мен адам қарым-қатынасы, иман жайлы жазған туындылары қамтылған. Ой бастауы Құран көрімінен құйылар Шәкәрімнің сыр сөздері бүгінгі қоғамның тынысымен үндес екендігі даусыз. Қазақ қауымының ғана емес, жалпы адамзат баласының рухани қазынасы үшін өлмес өсиет қалдырған Шәкәрім бабамыздың асыл мағыналы сыр сөздерінің жылдар өткен сайын жаңғыратыны шындыққа айналып отыр. Сондықтан да иманына қазақтың талапты жастарын таныс қылмақ үшін Шәкәрім бұл жинағын-да:

«Қырықтан соңғы қырымды,  
Сынамақ болсаң түрімді,  
Көрейін десең нұрымды,  
Жи-дағы оқы жырымды»,  
немесе  
Қырықтан соңғы иманым,  
Отыз жылдай жиғаным,  
Көп ғалымның сөзінің  
Ақылға алдым сыйғаным,-  
деген екен.

Г.Сандыбаеваның «Иманды қыз, сүйікті жар, аяулы ана» кітапшасында мұсылман қыздары үшін ғибраты мол хадис тағылымдары сөз етіледі. Сыры мол хадистердің құпия астарын талдап түсіндіріп, салқалы оқырманға исламның інжу-маржанын шашады. Ислам өнегесінен тәлім алуға асыққан, имандылықты жаны қалайтын қыздарға арналған.

«Ислам шариғатын ұстанумен молда болармын» деген қате көзқарастан аулақ болу керек. Дін деген - сенім. Алла тағаланың Жаратушы күш екеніне, Құран көрім мұсылман қауымының Конституциясы екеніне сеніп, амал қылған дұрыс.

Имандылыққа қарама-қарсы жағымсыз сипат – имансыздық.

Қоғамның қуат тірегі – отбасы. Сол отбасының бекем болуы көбіне әйел адамдарға байланысты. Алайда әйелдер құқығы исламға дейін мүлдем адам тегісіз еді. Арабтар әйел затының ар-намысын қорлап, қажет десеңіз қыздарын тірдей жерге көмді: әйелдер құқығы тек арабтарда ғана емес, бүкіл дүние жүзі халықтары арасында мез болмай, ар-намысы тапталып жатты.

Үнділерде әйелдер мүлк қатарында қаралып, ерлерінің жеке меншігі саналды. Сати заңы бойынша өлген ерімен бірге әйелі де өртенген. Мұндай өлім қасиетті, еріне шын берілу тұрғысында саналғанымен, кімнің өлгісі келеді? Сөйтсе де оларды күштеп өртеп отырған. Оның үстіне жесір қалған әйелдерге тұрмыс құруға тыйым салу заңы тағы болды. Осындай тағылық заң тек XIX ғасырдың ортасында ғана күшін жойды.

Басқа елдерде, мысалы, Жапонияда әйелдерге көпшілік табынатын орындарда табынуға тыйым салынған. Қытайда да шіркеуге әйелдерді енгізбеген: Рим Заңы бойынша әйел еріне басыбайлы болып, өзіне тиісті дүние-мүлікке де ие бола алмаған. Сол секілді өзіне бала да асырап ала алмаған.

Ислам діні ерлер мен әйелдерді теңестіріп, бірдей құқық берді. Әйелдер еркін дем алып, өзінің қасиетті борышы аналық парыздарын еркін атқаруға мүмкіндік алды. Ислам әйелдерге құрметпен қарауға үндеді. Тірідей қыздарын көметін тағылық қағида-ны жойды. Кімде-кім үш қыз бала тәрбиелеп өсірсе, ол жәннатқа кіреді деп есептейді. Мұндай көзқарас әлбетте, әлемде тыныштық пен берекет, бақыт болып, ұрпақтың жалғасуына, адамзаттың өсіп-өркендеуіне игі әсер етті. Құранда ерлер мен әйелдер тек тең құқықты ғана емес, бірін-бірі толықтырып, кемелдендіріп отыратын жаратылыстар. Иманды ерлер мен иманды әйелдер бірдей мейір-шапағатқа ие болады.

Ислам діні отбасының бұзылмауына ерекше мән береді, шаңырақ шайқалмауын көздейді. Сондықтан шариғат заңында неке мәселесі ерекше орын алады. Өйткені кішкентай сол отбасынан қоғам құрылады. Отбасы нық, ері тату болса, қоғамда да жайлы тұрмыс орнайды. Ер мен әйел - адамзаттың ұрпақ тарататын негізгі факторы.

Олар бір-бірінен сүйіспеншілікпен, бір-біріне қолдаумен өмір сүретін болса, ұрпақ жалғаспай, тоқырауға ұшырайды. Жер бетіндегі тіршілік жоғалып, өшіп-сөнеді. Рухани тұрғыдан бұл екеуі бір-бірінен ажырағысыз, туысқан. «Ердің де өзіне тән тиісті міндеттері, әйелдердің де өзіне тиісті міндеттері бар. Міне, осы тиісті міндеттерін дұрыс бөліп атқарса, онда қуаныш та, өмір мәні де толық болады», - делінген Құранда.

Исламның қағида-ережелері, қазақ халқының қағида-ережелерімен астарласып, қабысып кеткен, ері ұзақ жылдар бойы өмірде қолданылып келген. Өз ата-бабаларымыз екі етпей орындаған, ері заңдарына айналдырған осынау қағида-ережелерді есте ұстаған ләзім.

Жас ұрпаққа мұсылмандық қағидаларын таныстырып түсіндіру әрі парыз, әрі сауабы мол іс. Міне, белгілі шығыстанушы М.Әсерұлының «Мұсылмандық қағидалары» кітапшасында мұсылмандықтың қағида-ережелері қарапайым да әсерлі түрде жан-жақты өңімеленеді.

Ал, «Құран хикаялары» атты кітапта пайғамбарлар өмірбаянына, дін тарихына байланысты сан алуан оқиғалар іріктеліп алынған.

Ислам дінінің негізгі мәліметтеріне қоса, бұл кітаптың танымдық, тәрбиелік маңызы да өте зор.

### Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі

- бала тәрбиесінде отбасы ықпалы басқа тәрбиелік ықпалдарға қарағанда ең басым болып келуі;
- өркениетті, зайырлы, құқықты қоғамның азаматын тәрбиелеуде отбасы мемлекеттің негізгі буыны;
- отбасы – болашақ ұрпақтың бойында ең құнды адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын қоғамның ажырамайтын басты тірек-арқауы;
- отбасы – жеке тұлғаны әлеуметтендіру міндетін жүзеге асырушы. Ол болашақ жас азаматтың дене жетілуіне, шынығуына, рухани және адами дамуына, ең құнды жалпы адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықты бағалауға, еңбек ету дағдысын тәрбиелеуге ықпал жасаушы;
- отбасы - бала тәрбиесінде адамзат қоғамының тарихындағы ғасырлар сызынан мүдірмей өткен ұлттық дәстүрді жалғастырушы;
- отбасының әлеуметтік міндеттерінің өзегі - тәуелсіздікке ие болған Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңдарын құрметтеуші, елжанды азамат тәрбиелеу;
- отбасы - баланың мамандықты еркін және саналы таңдауына ықпал жасаушы;
- отбасы - өзінің ұрпағын болашақ отбасылық өмірге дайындаушы.

М. СРАЛИЕВА.





Жақында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің конференция залында «XVII ғасырдың жаратылыстанушы ғалымы П.С.Паллас-тың зерттеу маршруты бойынша» халықаралық ғылыми экспедициясының ашылуы өтті.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЭКСПЕДИЦИЯ

Оған университет ректоры Т.З.Рысбеков, Санкт-Петербург қаласынан келген Ресей Ғылым академиясының зоология және ботаника институтының аға ғылыми қызметкері Л.Н.Боркин, В.Л.Комаров атындағы Ботаникалық институтының аға ғылыми қызметкерлері Б.К.Ганнибал, А.К.Сытин, К.Д.Мильто, «Евразиялық Ғылым Одағы» қоғамдық қорының директоры А.В.Голубев, университеттің ЖОО-дан кейінгі дайындық және ҒЗЖ бөлімі, жаратылыстану-математика факультетінің профессор-оқытушы қауымы, магистранттары мен студенттері қатынасты.

26 сәуір мен 1 мамыр күндері аралығында Астана қаласының маңыда орналасқан Мемлекеттік Қорғалжын қорығында «Құстарды зерттеу және түрлерін ажырату» мақсатында семинар-тренинг өтті.

### Қорғалжын қорығында



Аталмыш семинарға М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың жаратылыстану бөлімінен Сембаева Динара мен Ешимова Жанбота барып, қатысып келдік. Бұл семинарға қатысуға үлкен мүмкіндік берген университет басшыларына және өзімнің жетекшім, факультетімнің деканы Ж.М.Қарағойшинге үлкен алғысымды білдіремін.

Бұл семинардан алған әсерім өте көп. Біріншіден семинардың тақырыбы өзімнің мамандығыма тікелей байланысты болғандықтан, болашақта үлкен маман иесі болуыма, сонымен қатар құстарды қалай зерттеу керектігін және олардың түрлерін қалай ажыратуға болатынын біліп, көзбен көріп, тәжірибеде істеп үйренуге үлкен мүмкіндік алдым. Екіншіден, сол маңайда өмір сүретін жетпіс тоғыз құсты көріп, түрлерін ажыраттық. Олардың қандай дыбыс шығаратындары, аталықтары мен аналықтарының қасиеті, қандай тағамдармен қоректенетіні, олардың қанша сүйектерінің айырмашылықтары және басқа да ерекшеліктерімен танысып білдік. Ал, семинардан құстарды зерттеп қана қоймай, жан-жақтан келген студенттермен танысып, өз пікірлерімнен бөлісуге және жаңа достар қатарын көбейтуге мүмкіндік болды. Осы кездесуімізде қатысушы 22 студенттің әртүрлі қалалардан келсе де, семинардың соңғы күндерінде бір үйдің баласындай бауыр басып, қимастық сезімде болдық. Бұл семинардан біліп, көріп келгенім, өз тәжірибеме түйгендерім болашақта маман ретінде үлкен зерттеулерге шыққанда, қатарластарыма айтып-түсіндіріп жеткізуге үлкен септігін тигізетіні сөзсіз.

**Жанбота ЕШИМОВА,**  
Жаратылыстану бөлімінің 2 курс студенті.

П.С.Паллас 1768 жылы Ресейдің Ғылым академиясы мен Географиялық департаменттің ұйымдастырылуымен өткізілген екінші академиялық экспедициясы жасақтарының біріне жетекшілік еткен. Бұл экспедиция барысында Қазақстан табиғатына қатысты маңызды географиялық заңдылықтар орнатылды. 2010 жылдың 17 мамыр күні П.С.Паллас экспедициясының зерттеген жерлерімен халықаралық ғылыми-зерттеу экспедициясы өз жұмысын бастады. Экспедиция құрамында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың жаратылыстану-математика факультетінің ғалымдары мен Санкт-Петербург қаласынан келген Ресей Ғылым академиясының зоология және ботаника институтының ғалымдары қатысты. Кездесуде өзара байланыс келісім-шартына қол қойылды. Келісім-шарт екі жақ арасындағы ғалымдармен, магистранттармен және студенттермен алмасу, сондай-ақ екі оқу орны өзара біріге отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, бағдарламаларын жүзеге асыруға негізделген.

31 мамыр - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Елбасымыз Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы «1997 жыл – Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялаған еді халыққа Жолдауында. Міне, сол уақыттан бері өліміз 31 мамыр күнін алты алаштың қамын ойлаған асыл арыстарымызды, ел азаттығы үшін күрескен қоғам қайраткерлерін еске алу үшін арнайы атап келеді. Осындай игі шара біздің университетімізде де дәстүрлі жалғасын тауып келеді.

## АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫНА ТАҒЗЫМ

